



МӘЖІЛІСТЕГІ
БЕЛСЕНДІЛІК
«АМАНАТ» фракциясы
көш бастап тұр

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №28-29 (6591) 4 сәуір, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

Алматы

AQSHAMY



12+

ӘКІМ

ДАМУДЫҢ ОҢ ДИНАМИКАСЫ

Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Шаһар басшысы Әуезов ауданында былтыр әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасы байқалғанын атап өтті. Әкім сөзінше, ауданның дамуына тартылған инвестиция 2023 жылмен салыстырғанда, 15%-ға өсіп, 119,9 млрд теңге болды. Сондай-ақ, Әуезов ауданының бюджеті 2024 жылы 65%-ға және 2025 жылы тағы 25%-ға ұлғайып, 53,7 млрд теңгені құраған.

– Бүгінде қала және аудан әкімдіктері жұмысының негізгі бағыттары инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, ауданды сапалы абаттандыру және тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыру, – деді Ерболат Досаев.

4

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

тағы да «Үздік олимпиадалық команда» атанды

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткен республикалық олимпиаданың қорытындысы белгілі болды. Биыл зияткерлік сайысқа қатысқан оқушылардың ең үздік 955-і финалдық кезеңге өткен еді. Командалық есеп бойынша Алматы қаласының құрама командасы бірінші орынды иеленіп, «Үздік олимпиадалық команда» атағына ие болды.



Рая
ЕСКЕНДІР



ларды орындаса, екінші кезеңде күрделі есептер мен география пәні бойынша далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Алматы қаласының жеңісі, бұл – оқушылар мен олардың ұстаздарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Ең бастысы, Алматы құрамасы осы атақты қатарынан 23 жыл бойы сақтап келеді. Бұл – тұрақтылықтың, жүйелі жұмыстың және жоғары нәтижелердің жарқын көрінісі», – деді жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне қатысқан Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов.

Сайыста Алматы қаласының намысын қорғаған оқушылар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен, алтын, күміс және қола медальдармен, сондай-ақ бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, ерекше жетістікке қол жеткізген екі оқушы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық орталығының Құрмет грамоталарын иеленді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

4.04.2025

Түнде:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

5.04.2025

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
таңертең жаңбыр.

Күндіз:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

6.04.2025

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





МӘЖІЛІСТЕГІ БЕЛСЕНДІЛІК:

«АМАНАТ» фракциясы көш бастап тұр

«Алматы ақшамы» Мәжілістегі түрлі фракциялардың және депутаттардың белсенділігін, олардың көтерген тақырыптары мен ұсынған заң жобаларын ұдайы назарда ұстап келеді. Бұл жолы да олар жолдаған сауалдарды сараптап, қай партия белсенді деген сұраққа жауап іздедік. Ол үшін наурыз айындағы уәкілетті органдар мен мемлекеттік қызметшілерге жолданған депутаттардың сауалдарына көз жүгірттік.

Жыл басынан бері 154 сауал жолданған

Мәжілістің VIII шақырылымы 2023 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келеді. Бұған дейінгі шақырылымдармен салыстырғанда саяси белсенділік артып, депутаттар өз пікірлерін ашық жеткізуде. Мұны жолданған депутаттық сауалдардан-ақ байқауға болады.

Парламент мәжілісінің ресми сайтындағы мәліметтерге сүйене отырып төмендегі кестені құрастырдық. 2024 және 2025 жылғы бірінші тоқсанды салыстыра келе, биыл белсенділік төмендегеніне көзіміз жетті. 2024 жылы қаңтар-наурыз аралығында депутаттар 163 сауал жолдаған. Ал 2025 жылы 154-ке түсіп кеткен. Кестеден көріп тұрғанымыздай, биыл наурызда сауал саны күрт азайған. Алайда, қаңтар-ақпан айларында өткен жылмен салыстырғанда, депутаттар белсендірек болған.

Жыл	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Барлығы (қаңтар-наурыз)
2024	45	60	58	163
2025	51	69	34	154

Наурыз айында Мәжілістегі фракциялар арасында саяси бәсеке байқалмады. «АМАНАТ» биліктегі басты партия ретінде сауал жолдау бойынша көшбасшы орнын сақтаған. Мәжілістегі өзге партиялар оған бәсеке тудыра алмады. 34 сауалдың 14-і «аманаттықтарға» тиесілі.

Екінші орынға «Ақжол» фракциясы ие болды. Олар 5 сауал жолдаған. Ал «КХП» – 3, «Ауыл» – 2 сауал жолдаған. «ЖСДП» мен «Respublica» бірде-бір сауал жолдамаған екен. 2024 жылы наурызда да екі фракция көш соңында қалған. Алайда, әрқайсысы бір-бірден сауал жолдаған. Демек, былтырғы нәтижеге де жете алмаған.

3 сауалды бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттар жолдаған. Ал 7 сауалды депутаттар бірлесе дайындаған.

Айы	Барлы-ғы	АМАНАТ	Ақ жол	КХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Наурыз (2024)	58	27	10	6	4	1	1
Наурыз (2025)	34	14	5	3	2	0	0

Депутаттар сауалды жеке өзі, өз фракциясымен немесе өзге фракциялармен бірлесе жолдай алады. Бұл жағынан наурыз айында «Ақжол» партиясы көш бастап тұр. «Ақжолдықтар» өзге партия бастамашыл болған 4 сауалда көтерілген мәселені жолдаған. «АМАНАТ», «КХП», «Ауыл» және «Respublica» әрқайсысы 2 сауалды жолдаған. Ал ЖСДП – 1. Бір қызығы, өз бастамасымен сауал жолдамаған «ЖСДП» мен «Respublica» әріптестерін қолдап қана белсенділік танытқан.

Өзге партияға бірлесе жазғаны	АМАНАТ	Ақ жол	КХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Наурыз (2024)	8	7	12	10	6	8
Наурыз (2025)	2	4	2	2	2	1

«Ауылға» қолдау білдірген...

Наурыз айында Мәжілістегі фракциялар жағынан «АМАНАТ» партиясының бастамалары көбірек қолдау тапты. Бұл көрсеткіш бойынша «Ақ жол» партиясы көш бастап тұр. Олар билеуші партияның 3 сауалын жолдаған. Ал «АМАНАТ»-тың өзі «Ауыл» партиясының 2 бастамасын қолдау білдірген.

Көрсеткіш	АМАНАТ	Ақ жол	КХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесе жазған?	Ауыл – 2	АМАНАТ – 3 Ауыл – 1	АМАНАТ – 2	АМАНАТ – 2	АМАНАТ – 2	АМАНАТ – 1

Талдау барысында Мәжілістегі ең белсенді фракция «АМАНАТ» екенін көруге болады. Олар 14 сауал жолдап, көшбасшылық орнын сақтап қалған. Бірқатар партиялардың белсенділігі төмендегенімен, Мәжіліс депутаттарының саяси белсенділігі өткен жылдармен салыстырғанда, артып келеді.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:



Ұлттық Құрылтай алғашқы күннен бастап жалпыхалықтық жаңғырудың символына айналды. Алқалы жиында қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аударудың маңызды екенін атай келіп, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы туралы тілге тиек еткен еді. Қоғам үшін аса маңызды бастама туралы Құрылтай өкілі, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразованы әңгімеге тартып, пікірін тыңдаған едік.

– Аягүл Төреқызы, сіз ұзақ жылдар бойы жас ұрпақ тәрбиесімен айналыстыңыз. Осы жолы Құрылтайда көтерілген ұрпақ тәрбиесіне қатысты Мемлекет басшысының бастамасын қалай қабылдадыңыз?

– Иә, қазіргі таңда біз біртіндеп барлық салада ауқымды реформалар мен нақты өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз. Оның бәрі халықтың тілегі мен заманның талабына сай жасалып жатыр. Бұл жердегі түпкі мақсат – барлығын өзгерту емес, ең бастысы – атқарылып жатқан шаруаны оңтайландырып, оның тиімділігін арттыру.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІНЕ САЙ РЕФОРМАЛАР ЖАСАЛЫП ЖАТЫР

Былтыр ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік міндетті стандарты» және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жарияланды. Бұның өзі көптен күткен құжаттар еді. Жаңа стандарт пен тәрбие бағдарламасының жалпы ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік талаптарға негізделгені аңғарылды. Бағдарламада «Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселе» деп көрсетілді.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі, тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін» деген еді.

Иә, Мемлекет басшысының сөзі өте орынды. Өйткені, аталған бағдарламада оқушы бойында, негізінен, алты құндылық қалыптастыру көзделген. Мәселен, тәуелсіздік пен патриотизм, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық және кәсіпқойлық, жаңашылдық пен жасампаздық. Бұлар мектептегі тәрбие жұмыстарының негізі және нәтижелері ретінде ұсынылып отыр. Әрине, бағдарлама идеяларының жүзеге асуында ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Мұндағы ұлттық ұғымның ауқымы кеңейтіліп, қазақ халқымен бірге республикамызды өз Отаным деп санайтын өзге ұлт өкілдеріне де тән, ортақ құндылықтар ретінде ұсынылады. Сондықтан да ол «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» деп айдарланған. Бұл Қазақстан халқын бір ортақ идеяға, бір ортақ мүддеге ұйыстыру жалпыға ортақ

мақсатымыз екенін оқушылар санасына сіңіруді көздейді.

– Айтыңызшы, осы бағдарламаны жүзеге асырудың маңыздылығы неде?

– Жасыратыны жоқ, ХХІ ғасырда әлеуметтік желілер арқылы жылдам таралып жатқан түрлі теріс субмәдениеттердің жастардың тәрбиесі мен мінез-құлқына кері ықпалы артып тұр. Осы жағдайдың алдын алу үшін мектептегі тәрбие мен білімнің сапасы мен қуаттылығын күшейту қажет екені анық байқалады. Сондықтан жаңа стандарт пен «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» үлкен өзектіліктен туындағаны аңғарылады. Міне, осы мақсатта Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда жас ұрпақ тәрбиесін жүйелі түрде жүзеге асыруды міндеттеп отыр. Бұған қоса, «Оқушыларды білімпаздыққа, отаншылдыққа, еңбекқорлыққа баулу қажет. Әрине, қазіргі заманда бұл оңай шарт емес» деп орынды ескертті.

Жалпы, оқытудан күтілетін негізгі нәтижелер оқушылардың білім мазмұнын меңгере отырып, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы түзілетін болады. Тұлғалық қасиеттердің жиыны түйінді құзыреттіліктер ретінде сипатталады. Бұл ретте олар тұлғаның қоғамға табысты бейімделуіне қажетті құзыреттіліктер болып саналады. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы өріс алып, ұлттық құндылықтардың базасы түзіледі. Сондай-ақ, «Біртұтас тәрбие» салауатты өмір салтына баулуға көркемдік-эстетикалық, физикалық және әлеуметтік тұлғалық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтендіруге, еңбекқорлыққа дағдыландыруға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Ал бұл білім беру үрдісін тұлғаға бағыттау жолымен жүзеге асады. Сонымен қатар, өмір қауіпсіздігінің негіздерін меңгеру міндетті болып саналады. «Жалпыға міндетті білім стандартында» «Біртұтас тәрбие» беруде күтілетін нәтижелер төмендегідей айқындалады. «Еліміздің салт-дәстүрлері мен құндылықтарына құрмет көрсете отырып, өзінің мәдени және азаматтық бірегейлігін түсінеді. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қызмет етуге дайын екендігін көрсетеді.

Елдің этно-мәдени әртүрлілігін ескере отырып, өзара ынтымақтастық, сыйластық қарым-қатынас пен өзара көмек жасау дағдыларын көрсетеді. Олар қағидаларды, заңдарды және қоғамдық тәртіпті біледі және сақтайды», – деп айқындалған.

– Осы арада бағдарламаны жүзеге асыру бойынша өз ұсыныстарыңызды ортаға сала кетсеңіз?

– Тәрбиенің біртұтастық мазмұны оқытудағы әртүрлі форматтарда, сабақтан тыс іс-шараларда, тәрбие сағаттарында жүзеге асырылады, олар кестелер, сызбалар, тізбелер, графиктер арқылы көрсетілген. Бұлар баяндау арқылы, емес, атаулы сөйлемдер, жинақтық атаулар стилінде берілген. Оларды түсіну және түйсіну анализ-синтез жүйесінде тұтастықта пайымдау біршама күрделіліктер тудыратыны айқын. Сондықтан жаңа тәрбие бағдарламасын қолдану бойынша біршама ұсыныстар ұсынғым келеді:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» берілу стилі логикалық жүйелілікпен емес, электрондық қабылдауға лайықтап ұсынылғандықтан, мұғалімдердің тұтастықта қабылдауын жеңілдету үшін дәстүрлі кітапша түрінде таратылса деймін:

– Аталған бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайықтап бастауыш, негізгі және орта буындар бойынша баяндалса реалдығы артар еді;

– Аталған бағдарламаның мазмұны бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындалса, орындалуы сапалы болар еді;

– Аталған бағдарлама мазмұны бойынша мектептің ішкі буындарына қарай хрестоматиялар, қосымша материалдар жазылса, сынып жетекшілері, жалпы мұғалімдер тәрбие сағатына дайындалуға уақыт үнемдер еді және оны сапалы дайындар еді.

Қорыта айтар болсақ, заманауи «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» зерделеу және сапалы түрде жүзеге асыру үшін хрестоматиялық материалдар дайындалуы керектігін айтқым келеді.

– Ой-пікіріңізді бөліскеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.



АБАТТАНДЫРУ

МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Арық жүйесі – Алматының ажырамас бөлігі

Алматы көшелерін жаяу арасыз, асфальт жолдар, тас төсеніш төселген жаяу жүргіншілер жолы, көгалдар мен жол бойын жиектеген арықтарын көресіз. Ал соның бәрі қаланың өзіндік маңызы бар инфрақұрылымдары екенін білеспіз бе?

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының табиғаты әсем болғанымен, жауын-шашыны көп қала. Әсіресе, көктем, жаз бен күз мезгілдерінде жиі жауатын жаңбыр көшелерді суға толтырып, көлік қозғалысы мен жаяу жүргіншілерге қолайсыздық тудырып жататыны бар. Мұндай проблемалардың алдын алу үшін арық жүйесі аса маңызды. Ал оның міндеті – нөсер жауын мен еріген қар суларын қауіпсіз бағытқа бұру екені әмбеге аян. Бірақ ол өзге де маңызды әрі аса қажетті функцияларды атқарып тұрады. Ең бірінші, су тасқынын болдырмауға көмектеседі. Одан кейін қаланың экожүйесін сақтап, ағаштар мен көгалдарды суаруға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, жаздың аптап ыстығында аса қажет, олар жайлы микроклимат қалыптастыруда да ерекше мәнге ие. Сонымен қатар, Алматының арықтары тарихи-мәдени мұра ретінде де қала келбетінің ажырамас бөлігі.

Алматы таулы аймақта орналасқандықтан, мұнда табиғи су қоры мол, әрі тау суы ылдилап, қала ішімен ағып өтеді. Егер осы суды дұрыс бағыттама, ол босқа кетіп, керісінше, қала үшін проблемаға айналады. Ал тиімді арық жүйесі арқылы бұл су қайта қолданылып, шаһардың шаруашылығы мен шырайына өз пайдасын тигізеді.

Бұған қоса, жаңбыр суының дер кезінде сіңуі немесе жол, аула маңына жиналып қалмауы да қала өміріне аса маңызды. Жаңбыр суы уақытында арық арқылы ағып кетпей, бір жерде жиналса, ол батпаққа айналып, масалар мен түрлі бактериялардың көбеюіне әкеледі. Ол аз десеңіз, қатты нөсер кезінде арық жүйесі дұрыс жұмыс істемесе, жерасты өткелдері мен аулаларды су басуы мүмкін. Демек, арық, ол – жай ғана су ағатын канал емес, қаланың экологиялық және инженерлік



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды жүйе. Егер ол дұрыс жұмыс істесе, қатты жаңбыр кезінде көшелерді су баспайды. Одан кейін жаздың аптап ыстығында айналаңа ылғалды ауа қалыптастырып, ағаштар мен өсімдіктерді табиғи сумен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Аталмыш су аңғарларының селден қорғауда да рөлі ерекше.

АЛДАҒЫ ЖОСПАР АЙҚЫН

Алматы қаласы Экология және қоршаған ортаны басқару басқармасы мамандарының мәліметінше, жүргізілген түгендеу жұмыстары нәтижесінде қазіргі таңда Алматы арықтарының жалпы ұзындығы 1525 шақырымды құрайды. Оның ішінде аулалар аумағында – 245 км (16%), саябақ аймақтарында – 60 км (4%), магистральдық және аудандық маңызы бар көшелер бойында – 1220 км (80%) арық бар. Бүгінде арық жүйелері аудандық әкімдіктердің қарамағына қарайды. «Алматы қаласының шығыс бөлігіндегі арық желілері мен нөсерлік кәріз жүйесін салу және қайта жаңарту» жобасы аясында 87 көше (учаске) бойынша 56,7 км жүйені қамту қарастырылған. Бұл ретте 2023 жылы – 45 көшеде 16,4 км, 2024 жылы – 15 көшеде 7,4 км, барлығын қосқанда жалпы көлемі 23,8 шақырым арық желісінің жұмысы аяқталған. Ал 2025 жылдың соңына дейін 27 учаскеде 32,9 км арық жүйесін салу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, «Алматы қаласының орталық бөлігіндегі арық желілері мен нөсерлік кәріз жүйесін салу және қайта жаңарту» жобасы аясында 168 көше бойынша 129,7 км жүйені қамту көзделген. Бұл бағытта 2023 жылы – 73 көшеде 49,1 км, 2024 жылы – 67 көшеде 30,1 км, жалпы көлемі 79,2 км арық желісінің жұмыстары аяқталған. 2025 жылдың соңына дейін 28 учаскеде 50,5 км арық жүйесін салу жоспарланып отыр.

АРЫҚТАРДЫҢ ДА ӨЗ ТАРИХЫ БАР

Деректерге көз жүгіртсек, әуел баста Орталық Азияда болсын, дүниенің басқа бұрыштарында болсын, тау бөктерінде орналасқан қалаларда адамдар арықтарды үш мақсатта салыпты. Су құбыры ретінде, суғару жүйесі ретінде және шаңды да ыстық ауаны салқындату мақсатында. Орта ғасырларда мұның бәрі тау суының есебінен жақсы жұмыс істеген. Алматы Верный деп аталған кезінде арықтар сумен қамтамасыз етудің негізгі көзі болған. Сол себепті, 1899 жылы Бас, яғни негізгі арық салынған. Кейінірек онда суды оңтүстіктен солтүстікке қарай жіберіп тұратын шлюздер жүйесі пайда болыпты. Қаланың басқа бөліктерінде арықтар аз болды, олар кішкентай өзен, жылға, яки бұлақ бар жерлерде ғана кездесетін. Қала ұлғайып, өскен сайын, әсіресе, ықшамаудандар қарқынды түрде салына бастаған уақытта арықтар көбейе түскен екен. Алайда, олар бұл кезде жер бетіндегі су-

ларды ағызу үшін, яғни жаңбыр канализациясы, қазақша айтқанда, жаңбыр кәріз ретінде пайдаланылған.

ЖАУЫН-ШАШЫНҒА
ДАЙЫНБЫЗ БА?

Қазір шаһарда «Таза Қазақстан» экоакциясы қарқынды жүріп жатыр. Мысал ретінде айта кетейік, қазіргі таңда Жетісу ауданының қарамағында 121 шақырым арық желісі бар. Аудандық Көріктендіру бөлімінің бас маманы Ернар Батыровтың айтуынша, экоакция кезінде аудан аумағында тазалық жұмыстары жүргізіліп, оған аудан тұрғындары мен барлық саладағы қызметкерлер белсенді қатысуда. 102 шақырым арық желілері тазартылды. Бұл жұмыстар күн жылынған сайын қыза түскен. Әлі де жалғаса береді.

Сала мамандары арықтарды таза ұстау тұрғындардың да жауапкершілігінде екенін еске салады. Себебі, қоқыспен бітелген каналдар судың табиғи ағуына кедергі жасап, тасқын қаупін арттырады.

– Қала тазалығы – ортақ міндет. Арық жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуі үшін әр тұрғын өз үлесін қосса, Алматы жауын-шашынды күндері де жайлы қала болып қала береді ғой. Сондықтан тұрғындардан арықтарды, нөсер су арналарын мен каналдарды қоқыспен бітемеуді сұраймыз. Егер бұл талап сақталмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабына сәйкес, «Қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, инфрақұрылым объектілерін зақымдау, жасыл желектерді жою немесе бүлдіру» бойынша азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Бұл ескерту жасауға немесе 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкелуі мүмкін, – дейді Ернар Батыров.

ҮЙ САЛҒАНДА
ЕСКЕРМЕЙТІН БОЛДЫҚ

Қазір қаланың кейбір аудандарында арық жүйесі жоқтың қасы. Өйткені, олар тұрғындар тарапынан да бүлініп, бітеліп, тіпті жойылып кетіп жатыр. Дәлел керек десеңіз, барахолка жақтағы көшелерге немесе салынып жатқан жаңа үйлердің маңайына қараңыз. Көше бойында арықтың ізі де жоқ. Ал тұрғындар жаңбыр суы ауласына немесе жол бойына жайылып, көшелер көлшіктерге айналғанда жауапты мамандарды кінәлайды. Бұл – үлкен қателік. Сондықтан қала өмірінің ажырамас бөлігі іспеттес кешегі мөлдір бұлақ, бүгінгі ұмыт қалған жүйеге айналмауы керек. Ол үшін қала тұрғындары да, билік те арық жүйесіне ерекше көңіл бөлгені жөн-ақ. Әйтпесе, бұрындары әрбір үйдің жанынан арық өтетін, ал қазір жаңа үйлер салынғанда, ол жүйелер ескерілмейді.

Сала мамандарының айтуларынша, Қазақстанда жеке үй салған кезде арық жүйесін (ливневую канализацию) орнату міндетті. Өйткені, ол суды тиімді ағызуға және ғимараттың іргетасын бұзылудан қорғауға көмектеседі. Ливневка жүйесі құрылыс нормаларына сәйкес жобалануы тиіс. Ал оның түрі жер бедері, топырақ түрі және климаттық жағдайларға байланысты анықталады. Егер үйдің айналасында арық жүйесі дұрыс жасалмаса, жауын-шашын мен еріген қар сулары іргетасты шайып, ғимараттың бұзылуына әкелетіні сөзсіз. Сондықтан құрылыс кезінде осы жүйені дұрыс жобалау өте маңызды.


✓ ТҮЙІН:

Алматы әкімдігі соңғы жылдары арықтарды жөндеу және жаңғырту жұмыстарын күшейтті. Алдағы уақытта да іс-шара жалғаса береді. Бұл Алматының экологиялық тұрақтылығын сақтауға және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға септігін тигізбек.

Инвентаризация нәтижесінде
анықталған арық жүйесінің
жалпы саны

1525 км

АЛМАТЫДАҒЫ АРЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ:

Аула
аумақтарындаСаябақ
аумақтарындаМагистральды және
аудандық маңызы
бар көшелер бойыменАлматы қаласының
шығыс бөлігіндегі арық
жүйелерін және жаңбыр
суын бұру бойынша

87

көшеде
құрылыс
жұмыстары
жоспарланған2025 жылдың соңына
дейін 28 учаскеде
ұзындығы

50,5

км
құрылыс
жұмыстары
жоспарлануда

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы



ДАМУДЫҢ ОҢ ДИНАМИКАСЫ

Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

(Басы 1-бетте)

Тұрғындар қауіпсіздігі қамтамасыз етілуде

Кездесу барысында қала басшысы ауданның тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту және жақсарту бойынша қабылданып жатқан шараларды таныстырып өтті. Әкімнің айтуынша, 2024 жылы 36 тұрғын үйдің қасбетіне декоративті жарықтандыру орнатылып, 28 үйдің қасбеті ағымдағы жөндеуден өтті. 2025 жылы 42 үйдің қасбетіне декоративті жарықтандыру орнатылып, 12 үйдің қасбеті ағымдағы жөндеуден өтеді деп жоспарланған.

– Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы өмір сүру шарттарын қамтамасыз ету үшін 2024 жылы 39 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізіліп, 20 көпқабатты үйде 30 жеделсаты ауыстырылды. 2025 жылы 45 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізіліп, 32 көпқабатты үйде 34 жеделсаты ауыстыру жоспарланып отыр, – деді Алматы қаласының әкімі.

49 трансформаторлық қосалқы станция жөнделеді

2025 жылы Әуезов ауданының көшелерінде 52 км кабель желілерін қалпына келтіру, 487 жарықтандыру тіректерін орнату, 2500-ден астам шамдарды ауыстыру жоспарланған. Бұл туралы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мәлімдеді.

Қала әкімі мәлімдегендей, 2025 жылдың қыркүйегіне дейін өткен жылы жарықсыз қалған 81 учаске жарықтандырылады. Тиісті жұмыстар осы сәуір айында басталғалы отыр. Сондай-ақ, биыл 36,3 км электр желілері қайта жаңартылады және 49 трансформаторлық қосалқы станция жөнделеді.

Айта кеткен жөн, Алматыда Мемлекет басшысының қаланы 100% жарықтандыру туралы тапсырмасын орындау үшін электр желілері мен сыртқы жарықтандыруды жаңғыртудың ауқымды бағдарламасы іске асырылып жатыр. 2024 жылы көшені жарықтандыру үлесі 85%-ға жетсе, ал биыл оның деңгейі 100% болды.

Мамырда Сайран көлі жаңартылып болады

2025 жылдың маусым айында Алматының Әуезов ауданында төрт жаңа қоғамдық кеңістіктің құрылысы аяқталады. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеді.

– «Ақсай-4» және «12-ші» шағынаудандарындағы скверлер, «Мамыр-4» және «Жетісу-3» шағынаудандарындағы жаяу жүргіншілер аймақтары көркейтіледі. Бұл жобалар аясында жаңа балалар және спорт алаңдары, көше жиһаздары, демалысқа арналған күректер орнатылып, жарықтандыру жаңартылады және жасыл желектер егіледі. Сайран көлі бойынша 2024 жылдың соңында негізгі құрылыс жұмыстары аяқталды, ал биыл мамыр айында жобаның соңғы кезеңі тәмамдалады. Сайран көлі қала тұрғындары мен қонақтары үшін ең тартымды демалыс орындарының біріне айналады деп сенемін, – деді Ерболат Досаев.



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 2024 жылы жалпы сомасы 2,8 млрд теңге болатын 57 жоба іске асырылды. 2025 жылы 30 жобаны жүзеге асыру үшін қала бюджетінен 2 млрд теңге бөлінді. Тұрғындардан түскен 727 өтінімнің ішінен дауыс беру нәтижесінде 30 жоба таңдалды.

Жаңа балабақшалар салынады

Әуезов ауданында жаңа оқу орындары мен қолданыстағы мектептерге қосымша ғимараттар, балабақшалар салу бойынша жоспарлы жұмыс жүріп жатыр. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеді.

Шаһар басшысы бүгінгі таңда ауданда оқушы орындарының тапшылығы 5 мыңнан асатынын атап өтті. Айтуынша, бұл мәселені шешу үшін өткен жылдың қыркүйегінде №1 шағынауданда №97 мектептің апатты ғимаратының орнына салынған 600 орынды алғашқы жайлы мектеп салынды. 2024 жылдың қараша айында 1200 орынға есептелген сейсмикалық күшейтілген №9 мектепті күрделі жөндеу аяқталды.

Қазіргі уақытта №13 мектептің және №158 мектептің ескі ғимараттарын бұза отырып, №158 мектептің жаңа ғимараттарын салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Одан бөлек, биыл тамыз айында Әуезов ауданында екі балабақшаның: №10 шағынауданында 160 орын және «Алтын бесік» шағынауданында 120 орын балабақшаның құрылысы аяқталады.

2025 жылдың маусым айында «Таугүл» шағынауданындағы апатты ғимаратты алмастыратын 120 орынды балабақша құрылысына мемлекеттік сараптама қорытындысын алу күтілуде. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың қыркүйегінде басталып, 2026 жылдың қарашасында аяқталады деп жоспарланған.

Коммуналдық тарифтер неліктен өсті?

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев кездесуде тарифтердің өсуіне байланысты әкімдік әлеуметтік

осал топтағы азаматтарға көмек көрсететінін, қаражат қалалық бюджеттен бөлінгенін мәлімдеді.

– Қолдауға мұқтаж тұрғындарға арналған арнайы бағдарлама қалада екі жылдан астам уақыт бұрын іске қосылған. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтар аудандық басқармаларға жүгініп, қажетті көмек ала алады. Бұл мақсатқа қаражат бюджетте қарастырылған, – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысы қазіргі коммуналдық тарифтер әлі де айтарлықтай субсидияланатынын атап өтті.

– Өкінішке қарай, қалада су есептегіш құрылғылары жоқ тұрғындардың үлесі жоғары. Сондықтан біз сараланған төлем жүйесін енгіздік:

есептегіші барлар бір тарифпен төлейді, ал есептегіші жоқтар көтерілген норма бойынша есептеседі. Бұл арқылы біз тұрғындарды есептегіш орнатуға ынталандырғымыз келді, – деді әкім.

Сонымен қатар, қала басшысы Алматы жылу желілерімен бірлесіп, көпқабатты үйлердегі жылу есептеу тораптарын жаңғырту бағдарламасы басталғанын айтты.

Тарифтердің өзгеруін Алматы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаменті бекіткен. 2023 жылдың шілде айынан бастап іске асырылып жатқан «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы аясында өтемақы алгоритмі енгізілді, ол әлеуметтік осал азаматтардың тоғыз санатын қамтиды. Олардың қатарына ардагерлер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер және қолдауға мұқтаж басқа да санаттар кіреді. 2024 жылдың қаңтарындағы мәліметке сәйкес, өтемақы алушылар саны – 141,7 мың адам, көрсетілген көмек көлемі – 5,4 млрд теңге.

Барлық аялдамалар жаңартылады

Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесу барысында қаланың кейбір бөліктеріндегі аялдама кешендерінің жай-күйі туралы сұраққа жауап берді.

– Екі жыл ішінде біз қаладағы барлық аялдама кешендерін жоспарлы түрде ауыстыратын боламыз. Олар автобустардың маршруттары мен қозғалысы туралы ақпараттық тақталармен жабдықталады. Жолаушылар ағынына байланысты кешендер мөлшері бойынша әртүрлі болады. Тиісті бағдарлама әзірленіп, қаражат қарастырылып, күзде іске асыруды бастауды жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Бүгінгі таңда қалада павильондары бар 1900 аялдама бар, оның 795-і инвесторлардың қаражаты есебінен орнатылып, жарнамалық конструкциялармен жабдықталған.

Досбол АТАЖАН.



ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖҰМЫС ОРЫНДАР
ЖӘРМЕҢКЕСІ

жас мамандарға жаңа мүмкіндік береді

Алматыда Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Жастарға арналған жалпы-қалалық мансап күндері» ауқымды жобасы басталды. Бастаманың мақсаты – жас мамандарға жұмыс табуға, кәсіби дағдыларын дамытуға және әлеуетті жұмыс берушілермен байланыс орнатуға көмектесу.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында қалалық Мансап орталығының жұмыс берушілермен және әріптестермен жұмыс бөлімінің басшысы Ақарыс Төребеков хабарлады.

«Қазақстан халқының 27%-ын жастар құрайды, бұл – 5,3 миллион адам. Жыл сайын еңбек нарығына 250 мыңға жуық жас маман шығады. Алайда, олардың бәрі бірден өз мамандығы бойынша жұмыс таба бермейді. Біз бұл жағдайды өзгертіміз келеді», – дейді спикер.

Оның айтуынша, алғашқы бос орындар жәрмеңкесі 31 наурызда Алматы ауданында, Алматы

технологиялық университетінің базасында өтті. Іс-шараға 50-ден астам жұмыс беруші мен 500-ден аса жұмыс іздеуші қатысқан.

Спикер жақын арада жоба қаланың барлық ауданын қамтитынын атап өтті. Бос орындар жәрмеңкесі таяуда Медеу ауданында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде, сосын Бостандық ауданындағы Satbayev University базасында өтеді. Көктемнің соңына дейін тағы бес, ал күзде үш іс-шара жоспарланған.

Ұйымдастырушылар аталған жобаға 8 мыңнан астам жасты тартуды және кемінде 500 қыз-жігітті жұмысқа орналастыруға дәнекер болуды көздеп отыр.

ФОРУМ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫ


Алматыда халықаралық форум өтті

Алматыда аймақтағы маркетинг бизнес пен спорт индустриясын дамытуға арналған META SPORT FORUM өтті. 2–3 сәуір күндері болған дүбірлі шарада футболдан Бразилия құрамасының капитаны, екі дүркін әлем чемпионы Кафу қатысып, сұрақ-жауап форматында ашық кездесу өткізді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Орталық Азияда аталған салаларды дамытуды көздеген форумға өзге де танымал шетелдік тұлғалар қатысты. Соның қатарында испандық функционер, «Барселона» футбол клубының жобаларында жұмыс істеген Пако Латорре де Алматыға арнайы келді.

Халықаралық кездесудің екінші күні Metaratings Top Awards марапаттауы өтті. Еліміздегі үздік спорт мамандары анықталды.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сергей БРИГОВСКИЙ,
Metatatings.ru атқарушы директоры, ұйымдастырушы:

Маңызды ақпарат алаңына айналды

Бұл іс-шараның ұйымдастырылуы біз үшін үлкен қуаныш. Спорт федерациялары мен лигалар жетекшілері, клубтардың басшылары, маркетинг мамандары қатысты. Мамандардың басын қосып, спорт бизнесін дамыту жолдарын талқылау, тәжірибе алмасу – басты мақсатымыз.

Спикерлер түрлі елдерден шақырылды. Арасында жергілікті спортшылар, сондай-ақ, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей және басқа да шетелдік сарапшылар бар. Сонымен қатар, атақты футболшы Роберто Карлос келіп, өз тәжірибесін бөлісті. Спорт индустриясында үлкен жетістіктерге жеткен мамандар өздерінің тәжірибесін Қазақстан мен Орталық Азияда қалай қолдануға болатыны туралы айтып өтті.

Хоккей тақырыбы да назардан тыс қалмайды. ҚХЛ (Құрлықтық хоккей лигасы) өкілдері екінші күні Қазақстандағы хоккейдің дамуы туралы пікір білдірді. Жалпы, бұл іс-шара спорт саласында жұмыс істейтін мамандар үшін маңызды ақпарат алаңы болмақ. Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін спорт индустриясын дамытуға қажетті білім мен тәжірибе жинауға үлкен мүмкіндік береді деп ойлаймын.

НАҚТЫ СЕКТОР

ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕР ӨМІРДІ ҚОРҒАЙДЫ

Газды қауіпсіз пайдаланып жүрсіз бе?

Қыс мезгілінде тұрмыстық газды пайдалану қарқын алған сайын газдан улану мен жарылыс оқиғалары да жиілеп кетеді. Өкінішке қарай, жылыту маусымы басталғаннан бері елімізде тұрмыстық газға байланысты бірнеше қайғылы жағдай тіркелген. Мамандардың айтуынша, бұл көбінесе қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан болады.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«QazaqGaz Aimaq» АҚ мәліметінше, 2024-2025 жылғы жылыту маусымы басталғалы бері 76 жазатайым оқиға тіркелген. Нәтижесінде 182 адам зардап шеккен, оның ішінде 72 адам қайтыс болған.

Газ – оны дұрыс пайдаланған жағдайда ғана қауіпсіз. Көптеген қайғылы оқиғалар қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан орын алады. Газбен уланудың негізгі себебі – көмірқышқыл газының (СО) жиналуынан болады. Яғни ауа алмасуы дұрыс ұйымдастырылмаған кезде, түтін сыртқа шықпай, газ үй ішінде жиналып қалады. Мұның алдын алу үшін қарапайым, бірақ маңызды қауіпсіздік шараларын ұстану қажет. Өйткені, газ – қауіпсіздік ережелерін сақтаған жағдайда ғана ыңғайлы әрі тиімді энергия көзі саналады.

Сала мамандарының айтуларынша, орын алған қайғылы жағдайлар негізінен, газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан болады.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ
ПАЙДАЛАНУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген ішкі тірегіні клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкез және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПАТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жоғары

Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректегі айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін, жеңіл уланған жағдайда мұсатір спиритін ішкітіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығу керек. Еріні тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет

0,32% деңгейі Орташа


Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сыйрдың тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей ооз жармады)

ГАЗ
ҚЫЗМЕТІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ
104QAZAQGAZ
AIMAQ

ҚАУІПСІЗДІК



ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Көктем мен жаз және күз айлары әр өңірде Көрт қауіп жоғары болатын мезгілдер. Тілсіз жаудың қауіп-қатері қала тұрғындары үшін де назар аударуға тиіс мәселе.

Ернұр
РЫСБАЙ

Көптеген тұрғындар аулаларын, бақшаларын тазалап, қоқыс пен құрғақ шөпті жағу арқылы арылуға тырысады. Алайда, бұл әрекет сақтық шаралары сақталмаған жағдайда қайғылы оқиғаларға әкелуі мүмкін екенін ескерген абзал. Ағымдағы жылы Алматы қаласында құрғақ шөп өртенуінің 71 оқиғасы тіркелген екен. Оның шарпыған аумағы 37 мыңнан астамға жеткен.

Медеу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Әлішер Физзатовтың айтуынша, өрттің негізгі себептері – адамдардың немісқұрайлығы мен қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемей болып отыру.

– Кейбір тұрғындар қоқысты үйлердің, гараждардың немесе шөп сақталған қоймалардың жанында өр-

тейді. Сонымен қатар, желді күндері отты жағу өте қауіпті. Шағын ұшқын құрғақ шөпке түссе, әп-сәтте үлкен өртке айналады. Өрт қауіпсіздігін сақтау деген бәрімізге ортақ жауапкершілік, – дейді азаматтық қорғау лейтенанты.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарды барынша мұқият болуға шақырады. Әрі қарапайым ережелерді сақтаудың маңыздылығын еске салады. Айталық, қоқысты немесе шөпті жаққанда отты қараусыз қалдырмау, толықтай өшкеніне көз жеткізу, қауіпсіздік үшін сумен сөндіріп, күл-қоқысты топырақпен көміп тастау керек.

Елеусіз әрі қарапайым ережелер қауіпсіздігімізді қамтамасыз етудегі маңызды факторлар екенін естен шығармаған абзал. Өрт пен су сынды тілсіз жаудан қорғану үшін барша тұрғындардың ортақ жауапкершілікті сезінуі аса маңызды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ – ЖАУАПТЫ ІС

Алматыда болашақ мамандарға арналған воркшоп өтті

Қаламыздағы «Архитектура, дизайн және инженерия» колледжінде JapJaryk компаниясының ұйымдастыруымен «Свет под контролем» деп аталатын воркшоп өтті. Бұл іс-шара студенттерге электр қалқандары мен жарықтандыру жүйелерін құрастыру бойынша практикалық дағдыларды үйретуге бағытталды. Колледж шаңырағында өткен іс-шараға студенттер, оқытушылар, және сала мамандары қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Воркшопта JapJaryk компаниясының мамандары заманауи жарықтандыру және электротехника саласындағы инновациялық шешімдерді таныстырып, студенттерге тәжірибелік сабақтар өткізді. Өз кезегінде студенттер электр сызбаларын оқу, монтаждық және принципиалды схемаларды талдау, кабельдік трассаларды жүргізу және таратушы электр қалқандарын орнату бойынша дағдыларды меңгерді. Сонымен қатар, жарықтандыру жүйелерін орнату, баптау, ақауларды анықтау және жою бойынша да қажетті тәжірибе алынды.

Іс-шара барысында Алматы қаласының Архитектура, дизайн және инженерия колледжінің директоры Камал Жаманғозов колледждің техникалық білім

беру саласындағы маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, колледж дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы студенттерге теориямен қатар практикалық дағдыларды үйретуді қамтамасыз етеді.

«Біз қазіргі заманғы еңбек нарығына қажетті білікті мамандарды даярлаймыз. Мемлекет басшысының 2025 жылды – Жұмысшы кәсіптері жылы деп жариялауы осы салаға деген сұраныстың артқанын білдіреді. Біз бұл бастаманы қолдаймыз және жүзеге асыруға дайынбыз», – деді колледж директоры.

Бұл воркшоп Алматыдағы техникалық білім мен өндірістің байланысын нығайтуға бағытталған. Қатысушылар теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, болашақта нарықта сұранысқа ие маман болуға үлкен қадам жасайды. Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру үшін мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасады дейді ұйымдастырушылар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұрғали МУСИРМАНКУЛОВ,
JapJaryk компаниясының жетекшісі:

Білім сапасын көтеруді көздедік



Әлихан ӘБДІҚАЛЫҚ,
Электромонтаж факультетінің 1-курс студенті:

Білікті маман болуға үлкен мүмкіндік береді



Мен бала кезімнен Никола Тесла сияқты данышпандардың өмірі мен еңбектеріне қызығып өстім. Бұл салаға деген құштарлығым мені электр энергетикасы мамандығын таңдауға жетеледі. Мектепті бітіргеннен кейін осы мамандыққа деген қызығушылығым тек арта түсті және мен ата-анамның қолдауымен осы жолды таңдап, білім алуға қадам бастым. Колледждегі оқытушыларымыз осы мамандықтың тереңдігін түсіндіріп, менің қызығушылығымды арттырып келеді. Олардың сабырлы әрі түсінікті тәсілі мені осы салада жетістікке жетуге деген сенімімді нығайтады.

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК – ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚ

Қазір жылы кеңседе отырып жұмыс істегенді немесе ақшалы кәсіпкер болғанды қаламайтын жан жоқ. Бірақ күнделікті тіршілігіміздің әрін келтіріп отырған қарапайым еңбек адамдарының еңбегін де дәріптеп, бағалап, жұмысшы мамандықтарына да бір сәт мойын бұрған абзал.



Нұржамал
ӘЛІШ

Мемлекет басшысы жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажеттігін алға тартты. Иә, жұмысшы мамандықтар әрқашан сұранысқа ие болып қала береді. Техникадағы автоматтандыру жүйесінің дамуына қарамастан, автомеханик, автоэлектрик, тігінші сияқты бірқатар мамандық машиналар алмастыра алмайтын арнайы білім мен дағдыларды, ой-сананы қажет ететіні сөзсіз.

Алматы технология және флористика колледжіндегі білікті мамандар да студенттердің сапалы білім алуына, олардың таңдаған мамандықтарын толыққанды игеріп шығуына үлес қосып жүр. Ол үшін ұстаздар заман көшінен қалмай, өзінің де білімін жетілдіруге ынталы. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау, студенттердің құзыреттілігін арттыру мақсатында 2023-2024 оқу жылында 10 педагог Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен Германия, Қытай, Италия, Нидерландия мемлекеттерінде, ал биылғы оқу жылында 6 мұғалім Түркия мен Оңтүстік Корея республикасының оқу орындарында халықаралық тағылымдамадан өтіп, кәсіби біліктілігін арттырып келді.



Жуырда шаһарда Халықаралық тағылымдамадан өту бағдарламаларын жүзеге асыру аясында қалалық семинар өтті. Оған аталмыш колледж педагогтары да қатысып, шетелден көрген, білген, үйренгенін ортаға салды. Мәселен, Оңтүстік Кореяның Кэмхе қаласындағы Кукче технологиялық институтында тағылымдамадан өтіп келген колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Аян Нұрғалиев пен өндірістік оқыту шебері Диана Омарова «Қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, оқу-өндірістік процестерді ұйымдастыру» бойынша жиған білімімен бөлісті. Ал жиһаз өндірісі мамандығы бойынша өндірістік оқыту шеберлері Алмаз Шарипов пен Аида Болатова түркиялық әріптестерінен алған озық тәжірибесін ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анар ШАРИПОВА,
«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері:

Жылда 400-дей маман оқытып шығарамыз

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауда біздің Алматы технология және флористика колледжінің үлесі салмақты. Жыл сайын 400-дей жұмысшы мамандығын оқытып, еңбек нарығына қажет білікті мамандар оқытып шығарамыз. Біз, әріптесім Дания Адан екеуіміз Түркия мемлекетінің Денизли қаласындағы іргелі Достек колледжінде ұйымдастырылған тағылымдамадан өттік. Түрік бауырларымыз қазіргі заманғы технологияларды, тұрақты тәжірибені және киім-кешек саласындағы білім беру тәсілдерін зерттеу бағытындағы тәжірибелерін бөлісті. Біз де қарап қалмай, өзіміздегі жетістіктерді, студенттерді оқытудағы тың жобаларымызды айттық. Болдым, толдым деген адам өспейді. Біз елдің ертеңін жасайтын білікті мамандар дайындап шығару үшін жақсыны үйренуден, үйретуден жалықпаймыз.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ҚАЛА КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Қазір Алматы қаласы қала келбетін дамытуда әлемдік және отандық сәулет саласындағы соңғы трендтерін үлгі етуге мән береді. Ал бүгінгі таңда сәулет-құрылыс саласында заманауи жаңа леп пайда болды. Осы тұста саладағы жаңалықтарды, отандық тәжірибелерді ашалап түсіндіріп беруге белгілі отандық сәулетші **Нұрлан КАМИТОВТЫ** әңгімеге шақырған едік. Айта кетейік, кейіпкеріміз INK Architects студиясының негізін қалаушы, әрі британдық сәулетшілер корольдік институтының құрметті мүшесі, IAAM академигі және Америкалық сәулетшілер институты құрметті мүшесі саналады.

Ықшамдылық пен көпфункционалдылық

– Нұрлан мырза, қазіргі әлемдік урбанистикада қандай негізгі тенденцияларды атауға болады?

– Қазіргі таңда қалалық кеңістіктердің жаяу жүргіншілерге ыңғайлы, адамға бағдарланған, ықшам әрі қауіпсіз болуы аса маңызды тақырыпқа айналып келеді. Кеңестік дәуірден қалған ауқымды аудандар мен алып алаңдар біртіндеп жаңа урбанистикалық шындыққа сай қайта пішімделуі тиіс. Бүгінде ықшам және адамға қолайлы аудандарға сұраныс артып отыр.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Мұндай ықшам қалалық кеңістіктердің мысалы ретінде қандай қалаларды атауға болады?

– Бұған Еуропаның автокөлік пайда болғанға дейін қалыптасқан тарихи аудандарын келтіруге болады. Алматыда – бұл «Алтын алаң», Астанада – оң жағалаудың тарихи бөлігі.

– Қала кварталдарын жоспарлауда нені ескеру керек?

– Қала кварталдары жергілікті тұрғындар мен қонақтарға қолайлы болуы үшін

дұрыс жоспарлануы керек. Мысалы, ауланың ені үйдің биіктігінен кем болмауы тиіс, әйтпесе «құдық» эффектісі пайда болады. Сонымен қатар, көгалдандырылған демалыс орындары, қоғамдық және жеке аймақтар, қызмет көрсету нысандары бар әлеуметтік инфрақұрылым болуы қажет.

– Бұрын қалалар көбіне орталықтан-дырылған құрылымда дамыды. Бұл үрдіс қазір өзгерді ме?

– Иә, бұрын мегаполистегі өмір – жұмыс, оқу және ойын-сауық – тек қала орталығында шоғырланатын. Алайда, соңғы жылдары, әсіресе, пандемиядан кейін, бұл модель өзгерді. Қазір адамдар өз ауданында өмір сүріп, жұмыс істеп, демалып, дами алатын

ортаны қалайды. Сондықтан жаңа аудандар кеңестік үлгідегі өндірістік аймақтар сияқты емес, көпфункционалды, тұрғындарға қажет барлық нысандар қадамдық қолжетімділікте орналасқан аумақ ретінде жобалануда.

– Осындай даму модельдері қай қалаларда сәтті жүзеге асырылуда?

– Мысалы, Парижде «15 минуттық қала» тұжырымдамасы белсенді түрде енгізілуде. Бұл модель аясында автокөліктердің қозғалысына шектеу қойылып, вело-



сипедшілер мен жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктер, көгалдандырылған саябақтар мен спорт алаңдары көбейтілуде.

Барселонада бұрынғы жолдар жаяу жүргіншілер аймағына айналдырылып, жасыл желек отырғызылуда.

– Мұндай үрдістер отандық сәулет-құрылыс саласында да байқала ма?

– Алматыда да дәл осындай полицентрлік даму бағыты қолға алынуда. Яғни тұрғындарға өз ауданында жұмыс істеп, оқып, демалуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым жасалады. Мұндай жобалардың бір бөлігін INK Architects жүзеге асырып жатыр. Жаңа аудандарда мектептер, балабақшалар, емханалар, саябақтар, спорт кешендері, коммерциялық нысандар, базарлар, дәрханалар, кафелер және басқа да маңызды қызмет көрсету орындары қарастырылады. Бұл, әсіресе, Алматы агломерациясына жақын аудандар үшін өзекті.

Қалалардың өзіндік келбетін қалыптастыру

– Қала тұрғындары қандай қалалық кеңістіктерге мұқтаж?

– Қазіргі таңда адамдар өздерімен байланыстыра алатын, таныс әрі түсінікті қалалық кеңістіктерге мұқтаж. Алайда, кейде заманауи урбанистика бейтарап, ерекшелігі жоқ орта қалыптастырып, жергілікті қауымдастықтың рухын жоғалтуы мүмкін.

– Мұның шешімі қандай?

– Қалалық аудандар ықшам және белгілі бір тарихи немесе мәдени ерекшеліктермен байланыстырылуы тиіс. Бұл – олардың өзіндік атауы, стилі және жергілікті көрнекі белгілермен ұштасуы деген сөз. Сондықтан ұлттық ою-өрнек, тарихи архитектуралық элементтер мен навигациялық белгілердің дамуы өзекті бола түсуде.

– Осындай өзіндік сипаты бар қалаларды мысалға келтіре аласыз ба?

– Мысалы, Лондондағы Сохо мен Хакни Нью-Йорктегі Манхэттен мен Бруклин – белгілі бір атмосферасы қалыптасқан ерекше аудандар. Алматыда «Алтын алаң», қаржы орталығы мен тұрғын аудандар осындай өзіндік сипатқа ие.

– Қазақстанда мұндай жобалар жүзеге асырылып жатыр ма?

– Бұл қағида «Алматының Шығыс және Батыс қақпалары» жобаларында, сондай-ақ Ташкенттің Чирчик ауданында жүзеге асырылып жатыр. INK Architects бұл жобаларда ерекше сәулеттік стиль мен аймақтық сәйкестікті сақтауға баса мән беруде.

Микромобильділік және жол қозғалысының қауіпсіздігі

– Қаладағы көлік қозғалысы қалай өзгереді?

– Болашақ қалаларда жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шешімдер көбірек болады. Мысалы, көлік ағынын реттеу үшін айналма жолдар мен шағын айналмалы қиылыстар саны артады. Сондай-ақ, велосипед жолдары мен баламалы көлік түрлеріне арналған инфрақұрылым кеңейтіледі.

– Қоғамдық көлік жүйесі қалай дами-ды?

– Жаяу жүргіншілерге, велосипедшілер мен самокат жүргізушілеріне арналған қауіпсіз жолдар желісі кеңейтіледі. Қоғамдық көлік жүйесі дамып, жаңа маршруттар ашылады, жаңа көлік түрлері енгізіледі, ал қолданыстағы желілер модернизацияланады.

– Бұл жобалар Алматыда қалай жүзеге асуда?

– INK Architects бұл қағидаларды «Батыс қақпасы» жобасында қарастырып отыр. Онда қоғамдық көлік аядамалары қадамдық қолжетімділікте орналасады. Сонымен қатар, велосипед инфрақұрылымы, шағын айналмалы қозғалыс жолдары және бағдаршамсыз қиылыстар арқылы қозғалысты реттеу жоспарланған.

– Бұл өзгерістер бизнеске қалай әсер етеді?

– Ойластырылған көше ортасы көлік жылдамдығын реттеуге, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыруға көмектеседі. Бұл – коммерциялық нысандардың табыстылығын, жылжымайтын мүлік құнын арттырып, шағын кәсіпкерлікті ынталандыруға ықпал етеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Ернұр РЫСБАЙ.

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Алматы қаласындағы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылып келе жатқан «Алматы жастары» бағдарламасы көптеген жас мамандар үшін үлкен мүмкіндікке айналды. Бүгінде осы бағдарлама арқылы жеңілдетілген несие алып, өз баспаналарына қол жеткізіп жатқан жастардың қатары көбейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Солардың бірі – Мадина Манапқызы. Алматы электромеханика колледжінде 2015 жылдан қызмет атқаратын жас маман 2019 жылы қазан-қараша айларында «Алматы жастары» бағдарламасына құжаттарын өткізеді. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, жұбайы екеуі қол ұстасып жүріп жинақтаған құжаттары конкурстан өтіп, 2020 жылы мамыр айында жалдамалы пәтерге қол жеткізеді. Мемлекеттің шапағатын көрген жас отбасы жақында өз үйлеріне көшіп, қоныс тойын тойлады.

– Ол кезде біз екінші сәбиімізді күтіп жүрген едік. Дәл сол уақытта тұрғын үйге арналған конкурстың екінші кезеңі өтіп жатқан болатын. Бақытымызға орай, 104 адамның ішінен 102-ші болып жалдамалы пә-



тердің кілтінә ие болдық. 2020 жылдың маусым айында көптен күткен армандаған баспанамызға қоныстандық. Бізге бұйырған екі бөлмелі, 66 шаршы метрлік пәтерде бес жыл бойы тұрдық. Осы уақыт аралығында мен үш жылдай бала күтімімен үйде отырдым. Ең бастысы, жалдамалы пәтерге айына небәрі 12 мың теңге ғана төлеп отырдық. Бұл бізге өз арнамымызды жүзеге

ЖАС ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

асыруға, яғни жеке баспанамызды алу үшін қаражат жинауға үлкен мүмкіндік берді. Алдыңа мақсат қоя білсең жетесің. Біздің бұған көзіміз анық жетті. Үй аламыз деп осы уақыт аралығында жоспарлы түрде 1 800 000 теңге бастапқы жарнаны жинадық. 2024 жылдың қазан айында «Алматы жастары» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несиелемен «София» тұрғын үй кешенінен өз үйімізді сатып алдық. Ішкі әрлеу жұмыстарынан кейін өз үйімізге көштік. «Өз үйім – өлең төсегім» деп өмір сүрген қандай жақсы! Жастарға керемет мүмкіндікті ұсынған мемлекетке, қала билігіне алғысымыз шексіз! – дейді жас маман.

Мадина өзі секілді жастардың барлығы баспаналы болғанын қалайды. Иә, өмірді нақты жоспарлау, мақсаттарды дұрыс қою, қаржылық сауаттылық пен еңбексүйгіштік адамға көптеген жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

– Мені қуантатыны, қазіргі жастар алдағыны ойлап, ерте бастан болашағын жоспарлап, капитал жинауды біледі. «Алматы жастары» бағдарламасы тек тұрғын үй мәселесін шешіп қана қоймай, өзін-өзі дамытуға да үлкен серпін береді, – дейді жас маман.

● КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



АМАН, ЕСЕН, ЖҮРСІН

Алматылық үшем 9–сыныпта оқып жүр

Сонау 2009 жылдың 9 сәуірінде алматылық жас отбасы Айдын Қыстаубаев пен Гүлбаршын Жандаралиеваның отбасында Аман, Есен, Жүрсін есімді үш сәби дүниеге келгенін жазған едік.

Қазір үшем Алматыдағы М.Жұмабаев атындағы №137 мектептің 9-сыныбында оқып жүр. Еліміздің демографиясына еселеп үлес қосқан отбасыға қалалық әкімдік те қолдау көрсетіп, үш бөлмелі пәтер кілтін сыйлаған болатын. Бұл отбасының үшемге дейінгі Асыл, Ақыл есімді ұлдарының қатары 2016 жылы Бақдәулет атты ұлмен толықты.

– Атамыз Нұрмият үшем-немерелері дүниеге келгенде айрықша қуанды. Өлең-жырға жақын болғандықтан айтысты үзбей көруші еді. Кішкентай Жүрсінге «Жүрсін Ерман атасына ұқсаса екен» деп ырымдап, атын да өзі қойды. Үшемдерден кейін

арада 7 жыл өткенде өмірге тағы сәби әкелдім. «Алдыңғы ағаларына еркелеп жүретін қарындас болса» деп күттік. Ортамызды толтыра келген сәбиімізді Бақдәулет деп атадық, – дейді көпбалалы бақытты ана Гүлбаршын.

Қазір отбасының «жігіттері» үй шаруасын өздері-ақ дөңгелетіп отыр. Ата-анасы келгенше үй ішін мұнтаздай етіп жинап қоятын көрінеді.

Үшемдердің сабақ үлгерімі де жақсы. Бос уақыттарын да тиімді пайдаланады. Болашақта Аман – тіс дәрігері, Есен – кәсіпкер болғысы келеді. Ал Жүрсін ше? Ол болса: «әлі де ойлануға уақыт бар» дейтін көрінеді.

● РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР

АДАЛДЫҚ – АЗАМАТТЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Өз тіліңді білмесең, өткеніңді білмейсің!

Қоғамдық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын білім беру мен мемлекеттік саясат өзара үйлесімді жүзеге асырылып, ұлттық мүддеге негізделуі тиіс. Өйткені, білім беру саясаты мен мемлекеттік саясаттың сабақтастығы халықтың білім деңгейін арттырып, инновациялық шешімдер қабылдауға және елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап өтіп, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлуді тапсырған болатын. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әзірлеп, оны барлық білім беру ұйымдарына енгізді.

Әрбір білім беру ұйымының мүшесі – оқушы, педагог, ұйым басшысы – ұлттық идеяны терең сезініп, оның дамуына өз үлесін қосыу тиіс. Ұлттық идея – қоғам дамуының негізі, оның құндылықтары мен мәдениетінің тірегі. Осы тұрғыда Алматы қаласы

Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының» қолдауымен №59 мектеп-гимназиясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруға арналған «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту» тақырыбында республикалық семинар өтті.

Жиын барысында Алматы қаласы педагогтары ұлттық құндылықтарға негізделген авторлық бағдарламаларының мазмұны мен оны жүзеге асыру жолдары жөнінде тәжірибе алмасты. Семинардың ашылуында Алматы қаласы ҚББЖТҒӨО әдіскері Қаламқас Базарбайқызы мен №59 мектеп-гимназиясының директоры Асан Ержанұлы

сөз сөйлеп, құндылыққа бағдарланған білім берудің маңыздылығын атап өтті. Олар табысқа жету үшін өздігінен білім алудың, өз ісіне адалдық танытудың және кәсіби жауапкершілікті сезінудің қажеттілігін ерекше атап көрсетті.

Семинар барысында «Шешендік сөз өнерінің», «Махамбеттің жалынды жырларының», «Оқу сауаттылығының» және «Алаш зиялыларының зерттеу еңбектерінің» ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі рөлі жан-жақты талқыланды. Іс-шараның қорытындысы ретінде ашық диалог алаңы ұйымдастырылып, республика ұстаздары тақырып бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ, семинарға арнайы шақырылған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің академик С.Қирабаев атындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы Гауһар Сарыбайқызы авторлық бағдарлама әзірлеудің ғылыми-әдістемелік негіздері жөнінде ақпарат берді.

Тіл – ойдың көрінісі, білім мен мәдениеттің қазынасы. Ұлттық және рухани байлығымызды тіл арқылы меңгеріп, оны өзіміз танып қана қоймай, әлемге таныта аламыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Себебі, ол қандай мамандық иесі болса да, рухани тәрбиеде сыңаржақ азамат болып қала береді» деген болатын.

Сондықтан білім беру мен тәрбие процесінде сыңаржақтыққа жол бермеу үшін «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу маңызды. Бұл бастама мемлекеттік саясат аясында республика педагогтарымен бірлесе жүзеге асырылады.

Жиын ұлт тәрбиешілерінің «Тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміз баянды болсын!» деген үндеуімен қорытындыланды.

Гүлбану ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

● АЛМАТЫНЫҢ БІЛІМІ

6500 педагог біліктілігін арттырды

Алматы қаласы әкімдігі білім саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Бұл мақсатта қолға алынған бірнеше жоба жүзеге асып жатыр. Мәселен, педагогтарға көктемгі демалыс кезеңінде арнайы ұйымдастырылған білім беру іс-шараларының циклі аяқталды. Бұл туралы Алматы қаласы білім басқармасының «Білім берудегі жаңа технологиялар қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» директоры Дәурен Сағынғалиев Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында баяндады.

Алматыда көктемгі демалыс аясында, яғни 26–31 наурыз аралығында білім берудің түрлі бағыттарындағы педагогтар үшін 50-ге жуық іс-шара өткізіліп, 6500-ден астам адам қамтылды. Негізгі бастамалардың қатарында 2672 педагог қатысқан аттестаттау мәселелері бойынша 15 қалалық семинар бар.

«Ұстаз» платформасына құжаттарды жүктеу бойынша консультациялық жұмыс деректерді енгізуді 100% аяқталды. Сондай-ақ, 16 бағыт бойынша өткен VII қалалық педагогикалық оқуларының үшінші кезеңіне 700-ден астам педагог өтінім беріп, 150-і ақтық мәреге жетті.

Негізгі мақсат – тәжірибе алмасу, шығармашылық кәсіби байланыстар орнату болып отыр. Жақында SDU University-мен 400-ден астам мектеп пен колледж директорларын бірлескен «Тиімді басқару нұсқаулығы» атты форум өтті. Аталмыш форум стратегияларды, білім берудегі жасанды интел-

лектінің рөлін және оқу орындарының заманауи мәдениетін қалыптастыруды талқылауға арналған алаңға айналды.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дәурен САҒЫНҒАЛИЕВ, «Білім берудегі жаңа технологиялар қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» директоры:

Бала болашағының кепілі

Еңбек жолын енді бастап жатқан жас маманнан бастап педагог-шеберлерге дейін мұғалімдерді сапалы даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл, әрине, біздің оқушыларымыздың табысты болашағының кепілі. Осы ретте тәрбие жұмысына ерекше назар аударылатынын айтқым келеді. Алматыда ҚХР, Түркия және Швейцария педагогтарының қатысуымен 8 іс-шара, соның ішінде халықаралық семинарлар өткізілді.

Олардың бірі Алматы – Швейцария – Мәскеу – ЮНЕСКО телекөпір форматында өткен халықаралық ынтымақтастықтың үлгісі болды. Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында «World Skills Kazakhstan» кәсіби шеберлік конкурстары мен чемпионатының жеңімпаздарын құрметтеу рәсімі өтті. Аталмыш іс-шараға Алматы қаласы колледждерінің 300 жас оқытушысы қатысты. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдар үшін 200 педагог пен ата-ананы қамтыған форсайт-сессиялар мен семинарлар өткізілді.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Бірінші сыныпқа құжат қабылдау басталды

Биыл бірінші сыныпқа өтініш қабылдау 1 сәуірден басталып, осы жылдың 31 тамызына дейін жалғасады. Осыған орай, Оқу-ағарту министрлігі 1-сыныпқа қабылдау ережесін жариялады.



Сонымен қатар, ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, балалар 1-сыныпқа ата-анасының өтініші бойынша 6 жастан бастап қабылданады. Құжаттарды мемлекеттік eGov.kz электрондық үкіметі, жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, сондай-ақ қағаз нұсқада 1 сәуір – 31 тамыз аралығында тапсыруға болады.

Қазақстан азаматтары үшін қажетті құжаттар:

- Ата-ананың немесе заңды өкілінің өтініші;
- №065-у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама және №052-2/у нысанындағы баланың денсаулық паспорты;
- 2 дана 3x4 см сурет.

Шетелдік азаматтар үшін:

Баласы 1-сыныпқа баратын шетелдік ата-аналар мен басқа заңды өкілдер Қазақстанда уақытша немесе тұрақты тұруы керек. Шетел азаматтары мектепке Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығы туралы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы құжаттарды ұсынуы керек.

Айта кеткен жөн, өтініш әр аптаның дүйсенбі–жұма күндері аралығында қабылданады.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖЫЛЫ:

ІІМ қандай шаралар атқаруда?

Ішкі істер министрлігі жүйелі түрде азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдап, қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту бойынша жұмыстарын жалғастыруда.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазіргі заманғы цифрлық жүйені белсенді пайдалану, жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға бағытталған ауқымды жұмыстар, сондай-ақ ішкі істер органдарындағы кадрлық әлеуетті арттыру қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу ісінде маңызды рөл атқарды.

2025 жылдың басынан бері республика бойынша тәртіп сақшылары 3,7 млн.-нан астам әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады, оның 3,2 млн жол жүрісі қағидаларын бұзу фактілері. Жол ережесін бұзғаны үшін полиция қызметкерлері 5417 мас жүргізушіні ұстады. Заң бұзған 116 004 жаяу жүргіншіге айыппұл салынды.

2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әйелдердің құқығын қорғау және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң қабылданды. 16 жасқа толмаған адамдарға жыныстық сипатта тиісу және өз-өзіне қол жұмсауға үгіттеу үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылды. Сонымен қатар, балаларды автобустардан түсіруге тыйым салынды.

Буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік көзделді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтіліп, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылды. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 710 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Ішкі істер министрлігінде әйелдер мен

балаларды қорғауға бағытталған арнайы бөлімшелер жұмысын бастады.

Сондай-ақ, әрбір білім беру мекемесіне ювеналды полиция қызметкерлері, учаскелік инспекторлар мен криминалдық полицияның жедел уәкілдері бекітілді. Олар балалар мен олардың ата-аналарына құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

Мектеп оқушылары мен студенттер арасында заңсыз әрекеттерді анықтау және алдын алу жұмыстарына ерекше назар аударылады. Биыл барлық мектеп пен колледждерде «111» республикалық байланыс орталығына жедел түрде хабарласуға мүмкіндік беретін QR-кодтар енгізілді, мұнда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық көмек көрсетіледі. Білім беру мекемелерінің кіреберістерінде полиция қызметкерлерінің байланыс деректерімен анонимді шағымдар үшін ақпараттар орналастырылған.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың жылдам дамуына байланысты интернет-кеңістігінде заңсыз контенттің таралуын тоқтату маңызды міндеттердің біріне айналды. Жыл басынан бері есірткілерді жарнамалайтын 7 мыңнан астам сайт, экстремистік мазмұнды 2 мыңнан астам контент және интернет-алаяқтық белгілері бар 28 мыңнан астам ресурс анықталды.

Барлық аталған шаралар азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге және құқық тәртібін сақтауға бағытталған.

Айта кету керек, 2025 жыл Ішкі істер министрлігі тарапынан «Құқық бұзушылықтардың алдын алу жылы: полиция «Заң мен Тәртіп» күзетінде» деп жарияланды. Бұл бастама құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыруға бағытталған.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘЗІРБЕК, Алматы қаласы ПД ресми өкілі:

ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕПІЛІ



Бұл маңызды бастама еліміздегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға үлкен серпін береді. «Құқық бұзушылықтардың алдын алу жылы: полиция «Заң мен Тәртіп» күзетінде» деп жариялануы – құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігін арттыруға, заңдылықты күшейтуге және құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше назар аударатынын көрсетеді. Шаралар құқықтық тәртіпті нығайтуда мемлекет пен қоғамның бірлескен іс-қимылының маңызын айқындайды. Осы бастама аясында ауқымды жұмыстар атқарылып, құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқығын қорғау және полиция мен халық арасындағы сенімді нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Жыл бойы полицияның алдын алу жұмыстары жанданып, қылмыстарды ерте анықтау шаралары күшейтіледі, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың құқығын қорғау бағытында жедел әрекет ету тетіктері жетілдіріледі. Құқық қорғау жүйесіне заманауи технологиялар енгізіліп, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша цифрлық бақылау механизмдері жетілдіріледі.

Халықпен кері байланыс орнату мақсатында азаматтардың ұсыныстары мен пікірлерін ескеретін жаңа диалог алаңдары құрылып, полиция қызметінің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Бұл шаралар қоғамда заңға бағыну мәдениетін қалыптастырып, азаматтардың құқықтық санасын арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ықпал ететіні сөзсіз.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда мопедтерді тіркеу жөніндегі республикалық науқан аяқталуға жақын. Бұл жөнінде Алматы қаласы ПД әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталығының бастығы, полиция подполковнигі Айдын Меркімбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында хабарлады.

5 СӘУІР МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ АЯҚТАЛАДЫ

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Былтыр Алматыда мопедтердің қатысуымен 1084 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Жол қозғалысы туралы заңға енгізілген жаңа түзетулерге сәйкес, мопедтер толыққанды көлік құралы мәртебесіне ие болды. Олардың жүргізушілерінде А1 санатындағы жүргізуші куәлігі болуға, көлікті арнайы ХҚКО-да тіркеуге, тіркеу туралы куәлік, мемлекеттік нөмір және сақтандыру полисін алуға міндетті.

Бүгінгі таңда қалада 8000-ға жуық көлік құралы тіркелген, олардың бір бөлігі



экстерриториялық қағида бойынша, яғни иесінің тіркелген жеріне қарамастан рәсімделген.

Полицияның хабарлауынша, науқан аяқталғаннан кейін тіркелмеген мопедті басқару Әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады.

«Мопедтерді тіркеу формальдылық емес, тәртіп пен қауіпсіздікке бағытталған маңызды шара. Заң бәріне бірдей, ал оны сақтау әркімнің қауіпсіздігінің кепілі. Жаңа өзгерістер бізге мопед иелерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар Алматы жолдарындағы жалпы тәртіп деңгейін арттыруға мүмкіндік береді», – дейді полиция подполковнигі.

БРИФИНГ

БЕЙІМДЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ тәуелділіктен арылтады

Алматыда есірткіге тәуелділіктен Аемделіп жатқан адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу бағдарламасы іске қосылды. Оның мақсаты – оңалту іс-шараларынан кейінгі өмірді қалпына келтіруге, рецидивті болдырмауға және қоғамға қайта қосылуға көмектесу. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы барысында айтылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Алматы қаласы Психикалық сауықтыру орталығы директорының наркологиялық қызмет жөніндегі орынбасары Роза Татиеваның айтуынша, көптеген есірткіге тәуелді жандар үшін нашакорлықтан шығу – қиын жолдың алғашқы сатысы ғана. Олар бірқатар мәселеге тап болады: құжаттарының болмауы, банк шоттарының бұғатталуы, жұмыссыздық, әлеуметтік

байланыстарын жоғалтуы, қоғамнан алшақтап қалуы. Олардың осындай сәттерде сынып кетпеуі маңызды.

Жаңа бағдарлама аясында қатысушылар тәжірибелі шеберлер мен психологтардың жетекшілігімен қолөнер мамандықтарын игере алады. Қолөнер оңалтудан өткен жанның серігі бола алады, ойын жақсы нәрселерге бөлуіне, ортаға қайтадан бейімделуіне, көңіл күйін орнықтыруына септігін тигізеді дейді мамандар.

«Біз қолөнер сабақтарының пациенттерге өмірден жаңа мән, мағына табуға көмектескеніне талай куә болып жүрміз. Енді осы тәжірибені жүйелі түрде енгізіп, мүмкіндігінше көп адамға қолдау көрсетуді мақсат етіп отырмыз», – дейді «Наркостоп» жобасының қоғаммен байланыс жөніндегі волонтері Жанна Нұрсейітова.

Қазіргі уақытта жаңа бағдарламаның алғашқы қатысушылары жаңа өмірге қадам жасауда. Медициналық және психологиялық қолдау тапқан пациенттер оңалту курстарынан сәтті өтіп, енді оларға жұмысқа тұру жағынан да көмек көрсетіледі.

ПАРЫЗДЫ ҚАРЫЗБЕН ӨТЕГЕН «ҚАЖЫЛАР»

Бүгінгі қоғам бейнесінен біз кейбір діни жоралғылардың шынайы құлшылықтан гөрі «науқаншылдыққа» қарай ойысып кеткенін көріп отырмыз. О бастағы мұрат – жан дүниенің тазалығы, рухани кемелділікке деген ұмтылыс өз алдына қалып, керісінше мейманасыға, адамдар арасындағы бәсекеге, тіпті «тренд» ретінде қабылдана бастағанын қынжыла мойындаймыз.

Мұсылмандар үшін қажылық – бес парыздың бірі саналады. Дегенмен, шариғат жолында оның да өз шарты бар. Басты талаптарының бірі – материалдық тұрғыда дайын болу. Яғни шамасы жетпеген адамға шариғат қажылыққа баруға міндеттемейді. Десе де, түгел дерлік той-томалақ қарызға жасалып жатқан заманда адамдар қажылықты да қарызбен өтейтіндер табылып жатыр. Былайша айтқанда, қажылыққа несие немесе бөліп төлеу арқылы, я болмаса «қара касса» сынды ойындарды ойнау арқылы барудан тартынбайды. Қайта несие алып, қасиетті жерге қарыз арқалап ұшатын адамдардың қарасы көбейіп келеді. Қазақстандық турфирмаларда мұндай мүмкіндікті ұсынып отыр. Олай болса, «Кредит қажы» дегендер кім? Оның шариғаттағы пәтуасы қандай? Осы сауалдарды қаузап, дін өкілдерінен жауап алдық.

Біздің сауалымызға жауап берген ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Бауыржан Абдуалиев бұл сұраққа байланысты Шариғаттың байланымын айтты.

– Қажылық – ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған, қаражаты жеткілікті, қажылық амалдарын атқаруға денсаулығы жарайтын мұсылманға өмірінде бір рет орындауы парыз. Қажылыққа баратын адамның жолсапарға барып-келу қаражаты халал болуы тиіс. Несие алып баруға болмайды. Ал қаражаты жеткіліксіз адамға қажылыққа баруы үшін қарыз алуы міндетті емес, – деді Бауыржан Абдуалиев.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАҢДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ	
2025 ЖЫЛЫ ҚАЖЫЛЫҚ МАУСЫМЫНА ҚАРЖЫЛЫҚ МҮМКІНДІГІНЕ ҚАРАЙ ҚАЖЫЛЫҚ ОРЫНДАРЫН АЛАТЫН ТУРОПЕРАТОРЛАР ТІЗІМІ	
ТУРОПЕРАТОР АТАУЛАРЫ	ӘРІПТІК БАҒА БЕРУ
1. «Хикмет Тревел» ЖШС	А
2. «Атлас Туризм» ЖШС	
3. «Tawaf Travel» ЖШС	
4. «Қызмет Саяхат» ЖШС	В
5. «Mina travel» ЖШС	
6. «Sanabl kz» ЖШС	
7. «Delta Tour» ЖШС	
8. «Ордабасы-НЖ» ЖШС	
9. «Хидаят-Нур» ЖШС	
10. «Robinson KZ» ЖШС	
11. «Nurkhan travel» ЖШС	
12. «Ал-Маруа» ЖШС	С
13. «Сембекова» ЖШС	
14. «Иман Travel Түр» ЖШС	
15. «Qazaq Sapar» ЖШС	

Қазақстанда 2025 жылы қажылық сапарын ұйымдастыруға рұқсат алған туристік компаниялар тізімі

Жалпы, 2024 жылы елімізден 5081 адам сапарға аттанып, қажылық құлшылығын атқарып келген. 2023 жылы қажылыққа барған қазақстандықтардың саны 4 мың болды. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының мәліметінше, Сауд Арабия Корольдігінің Қажылық және ұмра министрлігі 2025 жылғы қажылық маусымы үшін Қазақстанға 10 мың қажылық орнын ұсынған. Ал қазақстандықтардың қажылық сапарын арнайы байқаудан өткен 15 туристік компания ұйымдастырады.

Айта кеткен жөн, елімізде қажылық рухани құлшылық болғандықтан бұл іспен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының «Қажылық» бөлімі айналысады. Яғни елімізден баратын қажыларға қызмет көрсетуге қатысты арнайы лицензиясы бар және «Қажылық»

бөлімі мақұлдаған туроператорлар ғана айналыса алады. Одан тыс туроператордың қызметі заңсыз болып табылады. Сондықтан Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Мүфтият жариялаған тізімге сай туроператордың қызметіне жүгіну керек екендігін ескертеді. Сондай-ақ, ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің ресми жауабында қажылыққа визасыз және заңсыз жолмен баруға болмайтыны айтылған.

– Сауд Арабия мемлекеті қажылықты тек рұқсатпен ғана орындауға арнайы заң қабылдаған. Мұның негізгі мақсаты – қажылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі бір-біріне зиян тигізбей құлшылығын атқару. Қажылыққа тек қажылық визасымен және заңды жолмен бару – міндет. Оны қолдан жасау – харам. Қажылық визасынсыз (туристік, студенттік, жұмыс, т.б.)

қажылық жасау – күнә, делінген ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің шешімінде.

ҚМДБ ресми сайтында «қара касса» ойнап кіші қажылық, яғни ұмраға бару туралы түсінік берілген. Ресми мәліметке сәйкес, бұлай істемеген жақсырақ. Себебі, ұмраға алдын барып келген адам кейін баратын адамдардың ақшасын қайтарады. Демек, ол адам ұмраға қарыз алып барып келген болып тұр. Шамасы келмейтін адамның қажылықпен ұмра ғибадатын орындауы да міндет емес.

– Шариғатымызда қажетті істерге және қатты қиналған жағдайда ғана қарыз алуға бұйырылады. Ал ұмра ғибадаты міндеттелген құлшылыққа жатпайды. Сондықтан ұмра сапарына баратын адам мүмкіндік болса, қарызданбауы керек, делінген ҚМДБ жазбасында.

БИТКОИН ШАРИҒАТҚА ҚАЙШЫ МА?

ҚМДБ жаңа пәтуа шығарды

Бүгінде әлемде криптовалютаның мыңдаған түрі бар. Оның ең танымал түрі – биткоин. Ал Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы цифрлық ақшаға қатысты өз пәтуасын шығарғанын білесіз бе?

Цифрлық ақшаға өз қаражатын салып, сол арқылы табыс табуға тырысып жүрген азаматтар қатарында қазақстандықтар да көбейіп келеді. Адал жолмен ас табуды мақсат ететін азаматтардың арасында биткоинды пайдалану діни тұрғыдан қаншалықты дұрыс деген сұрақ та туындап жатқаны бар. Сондықтан бұл мәселеге байланысты Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Ғұламалар кеңесі пәтуа шығарды.

ҚМДБ мәлімдемесіне сәйкес, биткоин – орталықсыздандырылған, тек қана дүниежүзілік желіде жүзеге асатын виртуальды валюта. Бұл жүйені әлемдегі ешбір банк, агенттік немесе мемлекеттік органдар қадағаламайды әрі ол еш жерде басылып шығарылмайды. Бұл валюта – «Bitcoin Mining» деп аталатын процесс, яғни математикалық алгоритмдерді есептеуге арналған бағдарламаны қолданатын миллиондаған компьютердің жұмысы арқылы шығарылады.

– Негізгі ұлттық валюталар алтын немесе ішкі өнім бойынша қарастырылады. Ал биткоин ешқандай дүниемен қамтамасыз етілмеген. Кез келген адам компьютер арқылы өз ақшасының орталық банк жүйесі бола алады. Сондай-ақ, дүниежүзілік желінің әрбір мүшесі бұл операцияларды ешбір делдалсыз, ешкімнің қада-



ғалауынсыз жүргізе алады, – деп түсіндірді Мүфтият. Ғұламалар кеңесінің шешіміне сәйкес, қазіргі күндегі биткоин криптовалютасы шариғатқа қайшы келеді. Себебі, шариғат бойынша қандай да бір ақша негізге алынуы үшін мемлекет тарапынан шығарылуы керек және мемлекеттің кепілдігі мен қорғауында болуы шарт. Ал биткоин ешбір ұлттық валютаның сипатына келмейді. Өйткені, ол мемлекеттік органдардың кепілдігімен әрі қаржылық заңдармен қорғалмаған. Нақты активтері жоқ.

– Сондықтан бұл валютамен шұғылдану адамның мал-дүниесін арам жолмен жеуге әрі оның құқықтарын жоюға алып барады. Сауда-саттықтың дұрыс болуы үшін сатушы мен сатып алушысы және ақша мен тауар белгілі болуы шарт. Алайда, биткоинда барлық жағынан белгісіздік бар. Өйткені, ол шифрлау принциптеріне сүйенеді әрі іс барысында адамның деректері туралы ақпарат болмайды. Биткоинның процестері көбіне жасырын жүзеге асады. Бұл өз кезегінде шариғат тыйым салған алдауға, алаяқтыққа соқтырады, – делінген мәлімдемеде.

Сонымен қатар, ҚМДБ Ғұламалар кеңесі биткоин валюта немесе тауар ретінде жауапты тараптардың бақылауынан тыс қалғандықтан, бұл елдің ішкі экономикасына кері әсерін беріп, қоғамның тұрақсыздығына алып баруы мүмкін екенін хабарлады. Өйткені, ол арқылы тыйым салынған сауданың таралуы, ақшаның жымқырылуы, деструктивті топтардың қаражат аударымдары орын алуы ықтимал. Айта кеткен жөн, Мысыр елінің пәтуа комитеті және Еуразия мұсылмандарының пәтуа шығару кеңесі биткоинға тыйым салған.

– Үкім: «Биткоин» криптовалютасы белгісіздік, алаяқтық және жеке тұлғалар мен мемлекетке зиян келтіретіндіктен шариғат бойынша пайдалануға тыйым салынады, – делінген ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің пәтуасында.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«ҒЫЛЫМИ ҚОРҒАУ»

ҒЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУҒА КЕДЕРГІ ЕМЕС ПЕ?

Алматы – Қазақстандағы ең ірі ғылыми орталықтардың бірі. Қалада ғылымның әртүрлі салалары қарқынды дамып келеді. Ғылымды дамыту үшін қалада мемлекеттік бағдарламалар, халықаралық гранттар және ғылыми-технологиялық парктер құрылып, ғалымдарға қолдау көрсетілуде. Алматы Қазақстандағы ғылым мен инновацияның маңызды орталығы ретінде өз мәртебесін одан әрі нығайтып келеді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жас ғалымдарға қолдау бағдарламалары кеңейіп, ғылыммен айналысатын адамдардың тынысын кеңітуге жәрдем артты. Осының бәрі әрине, қуанарлық, сүйіншілі іс. Бірақ көп жылдан бері тот басып қалған саланың кейбір механизмдері жедел дамып, сағаттай сақылдап жұмыс істеп кетуге қауқары жетпей тұрғандай. Осы тұста біз жас ғалымдармен ой бөлісе отырып, ғылым саласының дамуына тәуса болуы мүмкін кейбір мәселелерді талқылаған едік.

Елдің дамуы ғылым-техникадан қол үзе алмайды. Себебі, бұл барлық сала дамуының ең басты драйвері. Дамыған державалар ғылымға қаржыны үйіп-төгеді, соның нәтижесінде өркендейді. Әлемдік рейтингтегі ғылымға ең көп қаржы құятын топ-10 үздік ел.

ДӘЛІРЕК:

1. АҚШ – 511,1 млрд доллар.
2. Қытай – 451,2 млрд доллар.
3. Жапония – 168,6 млрд доллар.
4. Германия – 118,5 млрд доллар.
5. Оңтүстік Корея – 79,4 млрд доллар.
6. Франция – 62,2 млрд 50,1 млрд доллар.
7. Үндістан – 50,1 млрд 50,1 млрд доллар.
8. Ұлыбритания – 47,2 млрд доллар.
9. Бразилия – 41,1 млрд доллар.
10. Ресей – 39,9 млрд доллар.

Тіпті, Кеңестік кезеңнің өзінде ғылымға ЖІӨ – 7% бөлінген көрінеді. Байқап қарасаңыз, әбден жетілген озық-технологиялы мемлекеттер ғылымға қаржыны аямай, ғылыми зерттеуді өндіріспен байланыстырып, экономияны әртараптандырып құлашын кеңге жайып, дүние жүзінің көшін бастап тұр. Егер қазақ ғылымын қолдаса, Қазақ елі талай асуды сөзсіз бағындырары хақ.

Бақытжан САРКЕЕВ,
қаржыгер:

ЖІӨ – 3-4% ғылымға бөлейік

Кейінгі кездері ғылымға қолдау арта бастады. Әлемдік «Болон процесіне» қосылдық. Еуропалық жоғары білім беру жүйесі жан-жақты

дамыған. Дүниеде ғалымдар 10 мың доллардан артық алатын державалар бар. Қарыштап дамыған алпауыт мемлекеттерде ғылым адамының үйі, жалақы, қоғамдық қозғалыс жолы, тағылымдама, гранттық қаржыландыру жолға қойылған. Ол тек өз ғылымына бас ауыртады, әлеуметтік мәселені ойламайды.

Магистр, PhD докторларға ҚР «Ғылым туралы» заңына елдегі ең төменгі жалақының (қазір көрсеткіш 85 мың теңге) 2-3 еселенген көлемін тек дәрежесіне ғана төленуі тиіс. Бұл ғылымның тұрақты айлығынан бөлек есептелгені жөн. Егер доцент, профессор және академик атағын арнайы үстемақы қоса берілсе екен. Ұлттық компаниялар, алпауыт компаниялар өздерінің табысының – 1%-ын ғылымға құйса, нұр үстіне нұр. Турасын айтқанда, отандық ғылымға ЖІӨ – 3-4% бөлсек, ғылыми жаңалықтарды өндірісте қолдансақ, ғалымдармен санассак, Қазақ елі өркендейді.

Қанат КЕЛДЕБЕКОВ,
заң ғылымының докторы,
PhD:

Ғылыми қорғауды оңтайландырайық

Ғылым – қолдауды әрқашан қолдауды қажет етеді. Тоқсаныншы жылдары 40 мыңнан астам ғалым бар еді. Бүгінде соның 3/1 ғана қалды. Кейінгі кез-

дері ғылымға бетбұрыс жақсы. Бірақ осыны бір ізге түсіру қажет. Мысалы, шетелден қорғап келу оңайлау да, оны Қазақстанда растау қиын. Барлық жастар әлемнің ең үздік 300 ЖОО оқи алмайтыны анық. Әркім өз хал-қадерінше, диссертациялық тақырыбына байланысты оқып, қорғайды. Ата-бабаларымыз «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?» дейді. Сөздің мәйегі түсінікті ғой. Бұл – ойланатын нәрсе. Сондықтан шетелден PhD дәреже алып, сырттың тәжірибесін игеріп, соншама этаптан өтіп келген жандардың докторлық дипломын еш кедергісіз біздікілер мойындап, растау қажет. Әйтпесе, АҚШ, Еуропа, Жапония, Түркия, Қытайда оқып, ғылыми дәреже қорғаған білікті кадр сол жаққа қызмет етеді. Мұның соңы – ғылыми тоқырау.

Ғылыми грант санын арттырып, талаптарын оңтайландырып, ұту жолдарын жеңілдетейік. Гранттық жоба мерзімі 5 жылға ұзарса дейміз. Жас ғалымдардың жобасын көбейтейік. Гранттық жоба талабынан Scopus алып тастайық. Тек гранттық жобаны орындау



нәтижесіне Web of science, Scopus 25% процентиль болуы керек деген талап енгізейік. Сондай-ақ, ғалым 2 ғылыми жоба ұтып алуға мүмкіндік болса екен. Ал жоба орындаушылары – 5 ғылыми жобаға мүше бола алса екен. Бізге статистика емес, іргелі зерттеу қажет. Мықты ғалым мемлекетті алға жетелеуші болашақ тұлға.

Нұржұма ЕЛЕСБАЙ,
фольклортанушы:

Ғалымға тұрақты айлық қажет

Бізде ғылыми қорғау жолға қойылса екен. PhD докторантураға түсу азап. Ағылшын тілін білмесең, сол салада 40 жыл істесең де, керегің жоқ. Егер сіз Франция, Германия, Испанияға барып істесеңіз, ең әуелі потенциалға қарайды, бірден тіл сұрамайды ғой. Шетелге мықты кадр, бізге тек TOEFL, IELTS сертификаты ғана керек сияқты. Сондықтан ағылшын тілін білгеннің бәрі кез келген бос грантты иемденіп, ғылым ақсап жатыр. Бүйте берсе, өз саламнан айтқанда, білікті тарихшы, әдебиет сыншысы, қолжазба танытын фольклористер қалмайды. Ал қазақтың сөз өнері өлсе, тоқырау сонда басталады. Ұлт өз ата-діңгегінен айырылады.

Өз басым 15 жылдан астам тіл мен әдебиет, фольклор, тарих саласында қызмет етіп келемін. 2010 жылы кандидат, докторлық қорғауға тыйым салынды. Неге, не үшін салынды, түсінбейсің?! ТМД елдерінің бәрінде аспирантура оқып, кандидат, доктор дәрежесін боллон жүйесімен қатар қолданып жатыр. Кім қайсысына бейім, өзі таңдайды. Біз ғана жетім қозы сияқтымыз. Сондықтан дәстүрлі қорғауды бүгінгі магистр, PhD докторантурамен қатар қолданаық. Ғылыми институтта істейтін ғылыми қызметкерлер тұрақты базалық жалақы алса екен. Ғалымдар 3 жылдық грантқа мұқтаж. Егер оны бекітпесе, онда

«Білікті мамандарды іріктеу, даярлау және олардың ғылым саласында қалуына жағдай жасау – өте маңызды мәселе. Грант санын арттырып, оның құнын көтерген кезде осы мәселеге баса мән беру керек».

ҚР Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

(Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінен).

БЕС ДЕРЕК:

- Қазақстанда «Жас ғалым» жобасы тиімділігін көрсетуде.
- Келешекте PhD докторантура саны 5 мыңға дейін артады.
- Бүгінде 1,5 мың докторанттың 38%-ы қорғаған. Қорғау бірізділенеді.
- Шетелде тағылымдамадан өткен докторанттар – 1,6%. Бұл көрсеткіш көбейеді.
- ЖОО профессор-оқытушылары арасында ғылыми атағы бар мамандардың үлесі – 40%. Бұл да реттеледі.

ол ғалымның ешкімге керегі жоқ. Міне, сондықтан 5–10 жылға баратын мегажобалар гуманитария саласына ауадай қажет. Керек болса, «Халық ақындары» 100 томдығын шығаруға болады. Ғалымдар шипажайға, емханаға тегін жолдама болса, мемлекеттік мейрамдарда үстем-ақы, сыйақы, ынталандыру алып тұрса, қазақ ғылымының болашағы зор. Қазақта «Ғалымның хаты өлмейді» деген. Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр. Ғылымға қолдау күшейсе екен.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Дара тұлға Дінмұхамед Қонаев «Қазіргі заманғы ғылым мен техниканы меңгеру – елдің болашағы үшін аса маңызды» депті. Түйіндей келе, ғылым өмірдің өзегі, адамзаттық рухани азығы, атқарар шаруасы демекпіз. Ғылым – өркендеудің тура жолы екенін ұмытпайық!

ИНВЕСТИЦИЯ

СТАРТАПТАР ҚАЛАСЫ

Алматыда инновация мен ғылымға 10 миллиард теңге қаржы бөлінеді

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында жоғары технологиялық жобалар мен стартаптарды дамытуға арналған «Farabi Hub» жаңа ғимаратында өткен «Ғылым, бизнес және өндіріс интеграциясы» форумына қатысты. Бұл форум ғылым мен инновацияны ілгерілету, оларды нақты секторға енгізу мәселелерін талқылау және серіктестік орнату мақсатында ұйымдастырылды.

Серік ЖҰМАБАЕВ

Форум аясында бизнес, ғылым және мемлекеттік органдардың өкілдері бірлескен инновациялық жобаларды талқылады. Жиын басталар алдында қала басшысы мен ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев «Farabi Hub» инновациялық орталығын аралап, алдыңғы қатарлы әзірлемелермен танысты. Бұл орталықта қашықтан зондтау, робототехника, суперкомпьютерлік технологиялар, биотехнология және нанотехнология саласындағы жобалар ұсынылды.

МЕГАПОЛИС – ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ
Пленарлық сессия барысында Ерболат Досаев ғылым мен инновацияны дамыту Мемлекет басшысының басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ғылымы мықты болса, мемлекет те қуатты болады. Ғылымсыз ел құрдымға кетеді» деп, Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы үшін ғылыми зерттеулердің маңыздылығын атап көрсеткен болатын.
Алматы – Қазақстанның білім мен ғылым орталығы. Мұнда 35 жоғары оқу орны орналасқан, 280 мыңнан астам студент білім алуда, 130-дан астам ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш еліміздегі барлық ғылыми ұйымдардың үштен бірін құрайды. Соны-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ерболат ДОСАЕВ, Алматы қаласының әкімі:

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

Жаһандық экономикалық дамуда цифрландыру мен жасанды интеллекттің маңызы арта түсуде. Мемлекет басшысы технологиялық прогресс пен тұрақты өсімді қамтамасыз ету үшін IT-секторды белсенді дамыту және экономикаға инновация енгізу қажеттігін атап өтті. Осы тұрғыда Алматы көш бастап тұр. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы барлық IT-қызметтің жартысынан астамы (52%) Алматыға тиесілі болды, ал IT-нарықтың жалпы көлемі 3 трлн теңге болды, оның 1,6 трлн теңгесін Алматы қамтамасыз етті. Бұл нәтижелер Алматының озық ғылыми жобаларды жүзеге асыруда сенімді әрі ұзақ мерзімді серіктес болуға дайын екенін көрсетеді. Қала ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастыққа ашық, инновациялық бастамаларды қолдауға және дамытуға дайын. Бірлескен күш-жігерімізбен біз айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, Алматы мен еліміздің ғылыми-технологиялық прогресіне елеулі үлес қосатынымызға сенімдімін.

мен қатар, соңғы үш жылда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (F3TKK) бөлінетін қаражат

екі еседен астам өсіп, 2022 жылғы 47 млрд теңгеден 2024 жылы 95 млрд теңгеге жетті.

ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕС БАЙЛАНЫСЫ АРТУЫ ТИІС

Алматыда 2024 жылдың қыркүйегінде құрылған Ғылым және технологиялар кеңесі осы саланы дамытудағы маңызды қадам болды. Кеңес ғалымдар, бизнес және мемлекеттік органдар арасындағы диалог алаңы ретінде жұмыс істейді. Оның басты мақсаты – ғылымды нақты секторға енгізіп, жаңа технологияларды өндірісте қолдану мәселесін шешу.
«Алматы қаласын дамыту бағдарламасының негізінде ғылым жетістіктерін белсенді пайдалану мен технология трансферті жатыр. Егер жеткілікті жоба ұсынылса, биыл қала дамуының жеті негізгі бағыты бойынша түрлі бастамаларға 10 миллиард теңгеге дейін бөлуге дайынбыз», – деді Ерболат Досаев.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Жаһандық экономикалық дамуда цифрландыру мен жасанды интеллекттің рөлі артып келеді. Алматы бұл салада да көш бастап тұр. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы IT-қызметтердің 52%-ы Алматыға тиесілі. Жалпы, елдегі IT-нарықтың көлемі 3 трлн теңгені құраса, оның 1,6 трлн теңгесі Алматыда шоғырланған.
ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің инновациялық экожүйеге белсенді кірігетінін және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға зор мүмкіндік бар екенін атап өтті. Алдағы уақытта Қазақстан ЖОО-лары арасында ең ірі технопарк пен жасанды интеллект орталығын салу жоспарланған.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Ерболат Досаев форум барысында Алматының ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастыққа ашық екенін және инновациялық бастамаларды қолдауға дайын екенін атап өтті. «Бірлескен күш-жігерімізбен біз Алматы мен еліміздің ғылыми-технологиялық прогресіне елеулі үлес қосамыз», – деді қала басшысы.
Форум соңында қатысушылар ғылым, бизнес және өндіріс интеграциясын дамыту бойынша ұсыныстарын ортаға салып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру жолдарын талқылады.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АРАЛАС ШЫНДЫҚ


Цифрлық білім берудің жаңа технологиялары талқыланды

Алматыдағы Инновациялық техникалық колледжде онлайн форматта «Цифрлық білім: жаңа уақыт, жаңа шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.


Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Қазақстанның түрлі өңірлерінен және шетелдерден 100-ден астам қатысушыны біріктірген бұл іс-шара білім беру процесінде цифрлық технологияларды дамыту, тәжірибе алмасу және IT мен аралас оқыту саласындағы инновациялық шешімдерді талқылау алаңына айналды. Конференция барысында цифрлық білім беру, жасанды интеллект, аралас шындық және оқытудың заманауи әдістемелері бойынша жетекші мамандар сөз сөйледі. Ал Сан-Франциско Өнер академиясының маркетинг және дизайн саласындағы жасанды интеллект жөніндегі магистрі Анелия Алтиева маркетинг пен дизайнда AI

технологияларын қолдану туралы зерттеулерін таныстырды.
Онлайн бас қосқан мамандар саладағы жаңалықтарды ортаға салды. Айталық, «NNEF» ҚҚ цифрлық трансформация жөніндегі бағдарлама жетекшісі Лаура Саламат білім беруді цифрлық трансформациялау стратегиясы жөнінде жобалармен таныстырды. Ал ХАТУ «Аралас шындық зертханасы» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Дана Цой болса виртуалды және толықтырылған шындық технологияларының жаңа мүмкіндіктері туралы баяндады.
Сондай-ақ, онлайн жиын барысында «Қазақстанда мәдени, әлеуметтік және білім беруді дамыту қоры» ҚҚ жобалардың үйлестірушісі Сая Аманкелдиева, TESOL бағыты бойынша оқу бағдарламалары мен оқыту әдістемесі бойынша магистр Нұрия Есманова, «Инновациялық техникалық колледж» ЖШС арнайы пәндер оқытушысы Ернар Әбішев және Алматы көлік және коммуникация колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Меруерт Ахметжанова қатарлы сала мамандары цифрлық құралдарды пайдалану және IT саласының жаңа жетістіктері туралы тәжірибелерін ортаға салды.



(Сурет: ұйымдастырушылардан).





РУХАНИЯТ

ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ ҮНІ

Тілендиевтің ғасырлық тойы жалғасып жатыр

Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен Ықылас атындағы халық аспаптар музейінде қазақтың көрнекті композиторы, дирижер, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Тілендиев күмбірі: Мәңгілік мұра» деп аталатын еске алу концерті өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков Н.Тілендиевтің өзінің асқан дарынымен қазақ музыкасына өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті. Сондай-ақ, күллі халық тамсанған ұлттық рухты асқақтатқан тума таланттың мәңгілік мұраға айналған шығармаларын тілге тиек етті.

Кеш барысында ұлтымыздың мақтанышына айналған Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина салған сара жолды жалғастырушы Нұрғиса мұраларының өміршеңдігі әңгімеге арқау болды. Осындай сағынышпен өрілген кеш Нұрғиса шығармаларымен басталды.

Ел тарихында 1960–1964 жылдары тұңғыш рет Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі құрылғаны белгілі. Сол оркестрдің бас дирижері әрі көркемдік жетекшісі болған Нұрғиса Тілендиевтің бұл ұжымның қалыптасуына қосқан үлесі зор. Сол жылдары айтулы оркестрдің орындаушылық шеберлігін жетілдіруге, репертуарын байытып, толықтыру үшін айрықша еңбек еткен еді. Оркестрге арнап көптеген күйлер, симфониялық, оркестрлік шығармаларды ла-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асанәлі ӘШІМҰЛЫ, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері:

НҰРҒИСА – ӘЛЕМДІК ТҮЛҒА

Нұрғиса Тілендиев аса дарынды композитор. Ол көптеген фильмдерге музыка жазды. «Қыз Жібек» фильмін түсіру барысында айдындағы аққуларды музыка ырғағына бағындыруының өзі оның асқан шеберлігі емес пе? Жалпы, аса дарынды адамдар мінезді келеді. Нұрғисаның да өзіндік мінезі болғанымен, музыкасы әлемдік. Ол әлем мойындаған Моцарт, Бетховеннен еш кем емес. Оны әлемдік деңгейге шығара алмаған өзіміздің кінәміз. Оған Нұрғиса кінәлі емес. Біз кінәліміз.

йықтап, өнер ұжымының биікке көтерілуіне өз үлесін қосты.

Атақты тұлғаның ғасыр толған тойына арнайы келген Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі «Ата толғауы», «Көш керуен», «Боз інген» күйлерін орындады. Танымал әнші Бибігүл Қилымхан «Куә бол» әнін, Күйші Рахат Сәрсеновтің сүйемелдеуімен «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің солисі Балауса Сылқымбай «Аққу» биін, күйші Бақберген Асқарбеков өзінің «Нұр-ағаны аңсау» күйін орындады. Кеш барысында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Сегізбаев «Менің атым Қожа» фильмін түсіру барысында кездескен оқиғаларды еске алды. Қайталанбас өнер иесінің өмірінің бір үзік сәтін «Шеңбер» театрының өнерпаздары «Өнер мен уақыт» қойылымы барысында сахналады.

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Ақиық ақын Мұқағалидың бай мұрасын жүйелеп, кеңінен насихатталуына мұрындық болып келе жатқан «Мұқағали қорына» биыл 20 жыл толады. Халықаралық қоғамдық қор 2005 жылдың 25 қарашасында құрылған болатын. Бұл күнде қор тізгінін қолына алған Бақытгүл Айдарова ақын шығармаларын тек елімізде ғана емес, алыс-жуық шетелдерде де кеңінен дәріптеп келеді.

– Бұл қорды құрғанда алдымызға үлкен мақсат қойып, М.Мақатаев мұрасын жан-жақты зерттеп, насихаттап, халықтың сұранысына сай шығармаларын қайтадан жарыққа шығуына ықпал етсек деген едік. Мінеки, 20 жыл ішінде сол үдеден шықтық деп ойлаймын. Ақын мен оқырман арасындағы алтын арқауға айналсақ, ол біздің жасаған жұмысымыздың жемісі дер едім. Қазірдің өзінде оқырмандар «ақынның мына шығармасын қайта басаңыздар, осы кітапты таппай жүрміз» деген өтінішпен жиі хабарласып жатады. Әрине, біз мұндай ұсынысты аяқсыз қалдырмаймыз, – дейді қордың төрайымы Бақытгүл Қыдырбайқызы.

Аталған қоғамдық қор ақын шығармаларын тақырып еткен ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырып, Алматы қаласында ғана емес, республикалық байқауларды ұйымдастыруға мұрындық болып келеді. Бұған қоса, ақынның көзі тірісінде пайдаланған заттары мен мұралары сақтаулы тұрған мемлекеттік мұражайды тың деректермен толықтырып отыруды да өз мойындарына алған.

Қазір Мұқағали шығармалары әлемнің бірнеше тілінде оқырман кеңістігін тапқан. Қазақ поэзиясының жарқын тұлғасы ұлт



әдебиетін өзге елдерде дәріптеуге де жол ашып келеді. Бұл үдерісте де «Мұқағали қорының» атқарған қызметін жоққа шығара алмаймыз.

Бұл қатарда атқарылған жұмыстар ұшан-теңіз. Соның бірі ретінде ақын, аудармашы Ж.Баймұхаметовтың «Ты бытие мне посвяти» деген орыс тіліндегі аудармасы. Мүзбалақ Мұқағалидың мыңдаған оқырманы шекараның ары жағында жатқаны тағы бар. Аталған бастамасымен ҚХР-дың Үрімжі қаласында «Жаңа әуен» продюсерлік орталығымен бірлескен «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты жыр кеші өтті. Сондай-ақ, ҚХР-да тұратын ақын Тәліпбай Қабай құрастырған «Қаздар қайтып барады» атты кітабы миллион таралыммен оқырман қолына тиді.

Мақатаев шығармашылығын зерттеуге ынта қойған жастардың қатары артып, біразы ғылым кандидаты, ғылым докторлары атанды. Олардың ғылыми бағыттағы ізденістеріне де қор жағынан сенімді қолдау болғанын айта кеткен жөн. Бұнымен бірге, қордың тұрақты құлшынысының нәтижесінде «Мұқағали оқулары» мен «Соғады жүрек» балалар байқауларын тұрақты өтіп келе жатыр.

Әрине, сөз ретінде аты мәшһүр ақынның атындағы қор тек М.Мақатаев шығармаларын ғана дәріптеп қоймай, қазіргі қазақ поэзиясының дамуына да өз үлесін қосып жатқанын айтуға тиіспіз. Айталық, бүгінгі қазақ поэзиясының жас буынына шығармашылық қолдау көрсетіп, олардың өз оқырмандарымен қауышуына да ықпал етіп жүр. Соңғы жылдары аталмыш қор 10 жас ақынның жыр жинағын жарыққа шығарды.

Айта кетерлік тағы бір жаңалық – сүйікті ақындарына деген оқырманның ықыласына сай, ақынның «Өмірдастан», «Өмір-өзен», «Күнделік-кітабы», «Жырлайды жүрек», «Қарлығашым келдің бе?», «Шуағым менің», тағы басқа бірнеше жыр кітабы мен жұбайы Лашынның жазған естеліктерінің басын біріктіріп, «Күнделік» атты жинағын шығарды. Оған қоса, «Қаз-Ақпарат» баспасынан ақынның энциклопедиясы жарық көрді.

Мұқағали Мақатаев атындағы әдеби сыйлық әр бес жыл сайын табыс етіліп келе жатқанын әдеби қауым жақсы біледі. Кезінде бұл сыйлықты Әбіш Кекілбай, Мырзатай Жолдасбеков, Шәмша Беркімбаева сынды тұлғалар да иеленген. Бұдан бөлек, Гүлшара Есетова, Амангелді Кеңшілікұлы, сыншы Тұрсынжан Шапай мен Алматыдағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның директоры Сәния Тілеубай марапатталды. Сонымен қатар, «М.Мақатаев – 85» мерейтойлық төс-

белгісін Иран-Ғайып, Рафаэль Ниязбек, Қазақ ПЕН-клубының президенті Бигелді Ғабдуллин, театр режиссері Мұрат Ахматов, өнертанушы Шаяхмет Имашұлы, режиссер Әсия Малимова, актер Нұржан Әзіретұлы иеленді.

Қордың дарынды жастарға Мұқағали атындағы сыйлық пен стипендия тағайындаған. Жоғары оқу орындарындағы дарынды студенттер, Ж.Елебеков атындағы эстрадалық цирк колледжі мен ақын атындағы гимназияның озат оқушылары ақын атындағы стипендия иегері атанды.

– Келесі жылы болатын М.Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына әзірлікті біз қазірден бастап та кеттік. Соған орай, 10 томдық шығармалар жинағын топтастырып, баспаға дайындап отырмыз. Сәтін салса, 2026 жылы мерейтой қарсаңында оқырманымен қауышуы тиіс, – дейді Бақытгүл Айдарова алдағы жоспарларымен бөлеккен кезде.

Осы аталғанның бәрі «Мұқағали қорының» 20 жылдан бергі толық қызметін көрсетіп бере алмасы тағы рас. Ақын рухына шырақшы болып келе жатқан қордың атқарар қызметі, жетер жетістігі алда екені даусыз. Қор төңірегінде атқарылған жұмыстардың ауқымын қарап отырғанда, М.Рүстемовтің әніне арқау болған «Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей, бір кереге келінсіз керілмеді» дейтін ақын С.Желдербаявның жыр шумағы еріксіз еске түседі.

Сондай сый мен сияпатқа ие қазақ келінінің бірі де сол – Бақытгүл Қыдырбайқызы. Аруақты ақынның шаңырағына келін болып түскен парасатты жан таутеңіз мұрасының шамшырақшысы болып, ақын рухы мен оқырманы арасында қызмет етіп келеді. Көп тілегі, ақынның асқақ рухы қолдай берсін деген ақ тілегімізді білдіреміз!

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Ғасыр жасаған ардагердің ғұмыры ұрпаққа үлгі

Қазір көзі тірі санаулы соғыс куәгерінің бірі – Дарбала Жабатаева. 1926 жылдың желтоқсанында Қостанай облысында дүниеге келіпті. Жеңістің 80 жылдығын қарсы алып отырған соғыс және еңбек ардагері, Құдайға шүкір, әлі де ескі естеліктерін айтып отыр. Десе де, жүз жас оңай емес...

қалған егде жандарға дейін «Майдан үшін» деп жанталасты. Сол өмірдің ортасында 14-15 жастағы Дарбалалар да жүрген, суығына тоңып, отына да күйген.

Майданға, майданға..

1943 жылы Қостанайға Ресейдің Клин қаласынан оқ-дәрі шығаратын завод эвакуацияланды. Ресейде негізгі жартысы қалған стратегиялық маңызды заводқа жұмысшылар аса керек еді. Оқ-дәрі шығаратын заводқа өндірістен хабары бар, икемді жұмыс қолы керек болды. Осы мақсатта арасында Дарбала бар бір топ жастарды Клин қаласындағы заводтың негізі қалған, оқу-үйрету орны бар базасына ФЗО-ға (фабрика-завод оқуы) мамандық меңгеруге жібереді. Бірақ Мәскеу мен Ленинградтың ортасындағы Клин қаласына майдан шебі тым жақын еді. Ал оқуға келген өрімдей жас, албырт әрі патриот қыздардың есіл-дерті майданға бару болған екен. «Қайдағы оқу, бар ойымыз майданға бару болды..», – дейді соғыстың тірі куәгері. Бес қыз бірге қайта-қайта әскери комиссариатқа барып, майданға сұранады. Қайсар қыздардың жігерін жасытпай, әскери комиссариат оларды Свердловск қаласындағы радистер даярлайтын курсқа жібереді. Соғыс өршіп тұрған тұста әскери байланысшылар (радистер) ең керек мамандар еді. Осылай соғысқа сұранған Дарбала қыз курсты бітіріп, майдан шебінен бір-ақ шығады.

Бұл – 2-Беларусь майданының 95-дивизиясы 161-атқызтар полкі еді. Байланысшы жауынгер қыз алғы шептегі жаяу әскердің рация арқылы жан-жақпен, штабпен байланысын қамтамасыз етуі керек. Соғыс жағдайында байланыс аса маңызды. Жау бірінші кезекте қарсыластың байланыс нүктесін, рацияны тауып (пеленговать етіп), жоюға тырысады. Артиллерияны солай қарай бағыттап, зеңбіректен оқ жауды-

рады. Міне, осындай жағдайда алғы шепте, оқ пен оттың ортасында жүрді Дарбала жауынгер. Жанында рациясы мен автоматы қатар болды. Алғы шептегі радистканың өмірі кез келген минут, сағатта үзілуі мүмкін еді.

Сол қасап майданнан Дарбаланы бір құдірет аман сақтаған. Әйтпесе, жанынан снаряд та жарылып, ес-түссіз қалған шағы да болыпты. Жау шебіне жақын жерде қалып, жанындағы украин құрбысы екеуі немістер қаптаған Беларусь орманымен жүріп отырып, өзіміздің жаққа әзер жеткен кездер болған. Айтары жоқ, соғысты неміс жерінде аяқтаған Дарбала қаһарман қыздың майдан жолы көп естелікке арқау бұл күнде. Ғасыр жасаған қаһарман қазақ қызының кеудесіндегі орден-медалдар сол жылдардың белгісі.

Майданда жарақаттанып, контузия алып, госпиталға түскен Дарбаланы, емделуден соң Солтүстік майданға жібереді. Бұл – 4-бригаданың 141-гвардиялық артиллерия полкі еді, әрі соғыстың ең қиын аймағы болып тұрды. Белоруссияны толықтай азат етіп, Польша жерін фашистік күштерден тазартқан Совет әскерінің Германия жеріне кірген тұсы да осы болатын.

Осынау «тар жол тайғақ кешуден» өткен қаһарман қазақ қызы ысқырған оқ пен ажал ортасында жүріп, бір жазмыштың жазуымен жеңістің таңын да көрді. Дарбала Жабатаева соғысты Германияның Померанции қаласында аяқтады. Сол кезде ол бар-жоғы 18 жаста болатын.

Өмір жалғасады

Совет жерін жаудан азат етуге қатысқан қаһарман қазақ қызы Дарбала Жабатаева туған жері Қостанай облысына оралады. Дарбаланың балалық шағын, бойжеткен дәуірінің соғыс ұрлаған еді. Алда соғыстан кейінгі тұралаған шаруашылық, барынша білім алу, Отанға қызмет ету, өз өміріңді жасау тұрды. Осының бәрі соғыстан кейінгі кезеңнің еншісі еді.

«Біздің буынның балалық шағы болмады. Соғыстан кейінгі әлі карточкамен азық-түлік беретін ауыр кезеңді де кештік. Сонда да білім игерсек, тұралап қалған шаруашылықты қалпына келтірсек деген ұмтылыс болды», – деп еске алады ардагер. Сол бір үміт пен тоғырығысы аралас шақтағы Дарбала бойжеткенді өмірге деген құштарлық алға сүйреген.

Соғыстан оралған зерек те алғыр Дарбаланы аудан басшылығы партиялық жұмысқа тартқан. Нақтырақ айтқанда, Қостанай облысы Урицк аудан-



дық партия комитетіне. Уақытпен жұмыс істейтін зауыт немесе фабрика емес, бұл жерде де күн мезгіліне қарамай, демалыссыз жұмыс істеді. Білікті кадр тапшы кез. Қолынан іс келетін, білуге құштар Дарбала Жабатаеваны 1951 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Республикалық жоғарғы партия мектебіне жібереді.

Ал 1960 жылы Мәскеудегі КПСС Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебіне түсті. Осы жылдары өмірлік жары Жаңабай Қолымбаевпен табысып, ендігі өмір жолын бірге бастады. Жаңабай Қауіпсіздік Комитеті қызметкері еді. Дарбала әже сол жылдары қаладағы бір іс-шарада үстінде әскери формасы, қолында аппақ қолғап, тартылған сымдай келісті жігітке көзі түскенін сағынышпен еске алады. Отбасын құрып, бірнеше бала сүйді. Атқарған қызметте де абыройлы болды. Бейбіт өмірде омырауға тағылған орден-медальдар соның белгісіндей әр кездегі түскен суреттерінде жарқырап көзге түседі.

Бойжеткен шағын соғыс зұлматы, жастығын жапалы күндер ұрласа да «Өмірге өкпем жоқ» дейді ардагер әже ғасырлық ғұмырын ойша шолып өтіп.

Расында да, ғасыр жасап, Отанға қарумен де, қызыл қолымен де барынша қызмет еткен, Ұлы Жеңістің 80 жылдығының куәсі боп отырған ардагер әже Дарбала Жабатаева бақытты жан. Ғұмырыңыз таусылмасын ардақты ғасыр құрдасы. Ел болашағына бейбітшілік әкелген майдандағы төккен теріңіздің өтеуін бүгінгі тыныш күннің әр минутынан таба бергейсіз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ардагерге құрмет көрсетілді

Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Алмалы ауданының тұрғыны, ғасыр жасаған ардагер Дарбала Жабатаеваға арнайы ілтипат көрсетілді. Алматы қалалық мәслихаты депутаты «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Бақытбек Жұмабаев БАҚ өкілдерін бастап ардагер әженің қал-жағдайын сұрай барды.

Ғасыр әже Ұлы Жеңістің 80 жылдығына куә болғанына қуанышын жеткізіп, ілтипат көрсете келген азаматтарға алғысын жаудырды. Жылы жүз-десуде мәслихат депутаты ардагер әжені мерекесімен құттықтап, деніне саулық тіледі. «Ауырмаңыз, аман болыңыз. Жеңіс мерекесіне жеке өзім алып барамын» деген уәдесін де берді.



Нұрлан
СҮЙІН

Сегізінші сыныпта жүргенде соғыс басталған

«Соғысы басталды дегенде мен сегізінші кластың оқушысы едім. 14-15 жастағы біздерде қорқыныш сезімі болған жоқ. Жас болдық және соғыс дегеннен бейхабар едік. Екі-үш жылдан соң сол соғысқа өзім араласатынымды қайдан білейін», – деп еске алады Дарбала әжей сол шақтарын.

Иә, бәрі де 1941 жылдың жазында басталған еді. Елге келген сол нәубет төрт жылға созылды. Ел үшін ең ауыр жылдар басталды. Бұғанасы қатаймаған балаларды ерте есейткен де сол соғыс. Бұған сол кездегі оқушы Дарбала Жабатаеваның өмірі дәлел.

Соғыс басталысымен қару ұстай алатын ер-азаматтардың барлығы майданға алынды. Елде кәрі-құртан, бала-шаға қалды. Егінді облыс Қостанайдың 10-15 жастағы балалары ересектердің орнын басып, егін жинауға кіріскен сол жылдарда. «Әлі есімде, бір күні біздің аулаға әкем біраз бидай төкті, біз соны шашу шығармай, бір дәнін қалдырмай майданға жөнелтуге көмектестік», – дейді Дарбала әжей соғыс кезіндегі ауыл өмірі жайында айтқанда.

Бұл «Бәрі де майдан үшін» деген қағидаттың басталған кезі болатын. Әсіресе, «Екінші майдан» атанған астығы мен өндірісі де бар, соғыспен шекаралас Қазақ республикасына көп салмақ түскен сонда. Мәскеудегі өнер, ғылым, мәдениет ошақтары («Мосфильм», СССР Ғылым академиясы, театр-кітапханалар) Алматыға эвакуацияланды. Ірі заводтар, өндіріс орындары Қазақстанға қоныс аударды.

Ресеймен шекаралас Қостанай жерінде тікелей соғыс болмады демесең, барлық тұрмыс майданға көмекке бет бұрған-ды. Буыны қатпаған балалардан бастап, елде





ҚҰРМЕТ



101 ЖАСТАҒЫ МАЙДАНГЕР

Алматыда Ұлттық ұланның әскери қызметшілері Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында 101 жастағы майдангер, отставкадағы полковник Қамбар Сәрсеновтің шаңырағына барып, ардагерді мерейлі мерекесімен құттықтады.

Нұржамал
ӘЛІШ

Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің командирі полковник Мақсат Баймағұлов бастаған ұландықтар және Ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы майор Берік Алмағамбетов Қамбар Сәрсеновке көптің атынан құрмет көрсетті. Жиналған қауым майдангердің ғибратты ғұмырын айрықша атап өтті.

Өр рухты майдангердің алдында әскери оркестр аты аңызға айналған «Жеңіс күні», «Славянмен қоштасу» марштарын, сондай-ақ «Смуглянка» және «Катюша» композицияларын орындады. Ұландықтар сондай-ақ, батыр ардагердің үйінің алдынан салтанатты шерумен жүріп өтті.

Қамбар Әмірұлы әскерге 1942 жылы тамызда шақырылды. Ол соғыс жылдары үш рет жараланды. Калинин облысын, Белоруссияны, Латвияны, Литваны, Польшаны азат етуге қатысты. Шығыс Пруссия мен Германия жерінде соғысты. Кенигсбергте жаралануына байланысты демобилизацияланды.

Бүгінде кеудесінде I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, II және III дәрежелі «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» орден-медалдары жарқырап тұр.

IIМ жүйесінде 33 жыл жұмыс істеп, зейнетке шықты. Бүгінде Қамбар Әмірұлы – ҚР IIМ, Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің және энергетика жүйесінің құрметті ардагері.

– Бүгін біз Ұлы Отан соғысының ардагері Қамбар Сәрсенов ақсақалға сәлем бере келдік, алда келе жатқан үлкен мерекемен құттықтадық. Жыл сайын ардагерлерге құрмет көрсету біздің дәстүрімізге айналды. Біз олардың ерлігін үлгі етіп, өскелең ұрпақты тәрбиелейміз. Өкінішке орай, ардагерлер қатары сиреп барады. Сондықтан біз әрқашан оларды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық танытып көңілдерін аулауға тырысамыз, – деді әскери бөлім командирі, полковник Мақсат Баймағұлов.

Ардагер әже:

«БЕЙБІТ ЗАМАН, АДАМ АМАН БОЛСЫН!»

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Алматы қаласы мектептерінің оқушылары соғыс ардагерлерімен кездесіп, олардың ерліктерін дәріптеуге кірісіп кетті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бостандық ауданындағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның 9 «д» сынып оқушылары да Талғар ауданына қарасты Панфилов ауылында тұрып жатқан 95 жастағы тыл ардагері Күлшетай Смағұлова әжейдің отбасында болып қайтты. Ардагер әжеймен кездесу оның ерлігі мен еңбегіне құрмет білдіру әрі жас ұрпаққа өне етіп дарыту мақсатында ұйымдастырылды. Күлшетай Әубәкірқызы Ұлы Отан соғысы басталғанда небәрі 12 жастағы бала екен.

Ауылдың бас көтерер ер-азаматы түгел соғысқа аттанып, қиын күндердің салмағы балалардың иығына түседі. Колхоздың қара жұмысына жегілген балалардың ойын ойнауға да уақыты болмаса керек. Сол шақтағы қаршадай ғана Күлшетай да сақманға шығып, шаруаға жегіледі. Тіпті, бір өзі 130–150 қойды қырыққан кез болыпты. Бала біткен күндіз-түні темекі жапырағын, егіннің масағын жинайды. Күн суытса жүн иіріп, солдаттарға қолғап, шұлық, кеудеше тоқиды. Дайын болған өнімдерін арбаға тиеп, ауданға жөнелтеді. Несін айтасыз, балалық шақтың кермек дәмі өзегін өрттейді. Сол бір сұрапыл жылдарды есіне алған әжейдің тамағына өксік тығылды.

– Менің көрген қиындығымды сендер көрмей-ақ қойыңдар. Ондай күн қайта тумай-ақ қойсын. Елдің ертеңі, болашақтың тірегі сендерсіңдер! Менің айтарым – бейбіт заман, адам аман болсын! Отанды, ел мен жерді қорғандар! – дейді әжей қаумалаған жастарға жарылқау тілей отырып.

Күлшетай әжей естеліктерімен бөліскенде соғыстың аяқталып, біздің әскерлердің жеңіске жеткенін ести сала жарыс



ұйымдастырылып, сол жарыста өзінің мәреге алғаш жеткенін мақтанышпен еске алды. Ғасырға жуық жасқа келсе де, 2-сыныпта жаттаған өлеңін айтып бергенде, оқушылар әженің жадының мықтылығына тәнті болды.

Күлшетай Әубәкірқызының еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Қазақстан Республикасының тыл ардагері» құрметті марапатының иесі, 2004 жылдың 14 қыркүйегінде ҚР Президенті Жарлығымен «1941–1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 60 жыл» медалімен, 2010 жылдың 19 наурызында «Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына орай» мерекелік медалімен, 2015 жылдың 19 қаңтарында «70 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 г.г.» медалімен, 2019 жылдың 13 маусымы күні Ресей Федерациясы Президенті Жарлығымен «75 лет Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 г.г.» медалімен марапатталған.

Илья КУДИН, Ұлы Отан соғысының ардагері:

«БҰЛ КҮН ОҢАЙ КЕЛГЕН ЖОҚ»

Сұрапыл соғысты көзімен көргендердің қатары күн санап сиреп барады. Қазір Жетісу ауданында көзі тірі бір ғана ардагер тұрады. Ол – Ұлы Отан соғысының ардагері, 98 жастағы Илья Григорьевич Кудин. Қарт майдангерді Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкірова бастаған арнайы топ Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтай барды. Өзіне көрсетіліп жатқан мұндай құрметке қарт майдангер де марқайып қалды.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Илья Кудин 1927 жылдың 26 шілдесінде дүниеге келген. Жастайынан еңбекке ерте араласып, колхоздың барлық қара жұмысын атқарады. Ұлы Отан соғысы басталған тұста ол да майданға аттанады. Дегенмен, сол бір күндерді еске түсіргенді ұната бермейді. Қария қан майданда



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

бірге соғысқан достарын еске алса, көңілі босап қалады.

– Қызыл әскер қатарына Талдықорған облысынан шақырылғандармен бірге мен де аттандым. Содан Қиыр Шығыс майданындағы ұрыс қимылдарына қатыстым. Талай жас жігіттер көз алдымда шейіт болды. Олар Отан қорғау жолында ерлік жасады. Жеңіс күні біз ең алдымен сол

боздақтарды еске алуымыз керек. Ал мен секілді қария кісілерге көмек көрсетіп отырған Жетісу ауданы әкімдігіне, Ардагерлер кеңесіне алғыстан басқа не деймін. Ең бастысы, соғыс енді болмасын, – дейді қарт майдангер.

Жастайынан қара жұмысқа жегіліп, шындалып өскендіктен болар, И.Кудин әлі де ширақ. Қоғамдық көлікке де өзі мі-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тамара МҰХТАРХАНҚЫЗЫ, Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы:

– Біздің ауданда 6 жыл бұрын 21 Ұлы Отан соғысының ардагері бар еді. Қазір көзі тірісі осы – Илья Кудин. Сондықтан қолымыздан келген көмекті аямай, қарияға қолдау көрсетіп жатырмыз. Сәуірдің 9-ы күні осы үйдің қабырғасына арнайы тақтайша ілеміз. Оған соғыс ардагері туралы мәлімет жазылады. Сәтін салса, И.Кудин Астана қаласында өтетін Жеңіс шеруіне қатысқалы отыр. Екі жылдан соң 100-ге толатын майдангеріміз сол күнге аман жетсін дейміз.

неді. Қажет болған жерлеріне өзі барып, қайтады. Үй шаруасына арнайы тағайындалған әлеуметтік қызметкер көмектеседі екен.

И.Кудиннің ерлігі бағаланып, III дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, стахановтық еңбек жолындағы көрсеткіші үшін «Ерен еңбегі үшін» орденімен, басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Илья Кудинге Жетісу ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Шәкірова мен «Айнабұлақ» ықшамауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы Б.Кудышева қажетті азық-түлік пен жеміс-жидек себетін табыс етті.



БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫНЫҢ
«КЕЗЕКСІЗ ЕМХАНАСЫ»
республика бойынша МСАК жүйесінде
үздік атанды



Денсаулық сақтау басқармасының тиісті дипломына ие болды. 2014 жылдан бастап емхана табысты дамып әрі атқарылатын қызметінің жоғары тиімділігін таныта отырып, жыл сайын негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша «Сала көшбасшысы» мәртебесін иеленіп келеді.

Емхана тұрғындарға медициналық қызмет көрсету деңгейін жетілдіруді жалғастыруда:

- ◆ материалдық-техникалық базасы жақсартылуда;
- ◆ жаңа өндірістік алаңдар сатып алынуда;
- ◆ қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталуда;
- ◆ тұрғындарға қызмет көрсетудің инновациялық әдістері енгізілуде.

КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨМЕК

МӘМС-тің мүмкіндігі
Алматылықтарға беріліп жатқан
қымбат дәрі-дәрмектер қандай?

Былтыр Алматының 379 мыңнан астам тұрғыны МӘМС және кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеттері шеңберінде берілетін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілді. Бұған Медициналық сақтандыру қоры 46 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсаған.

Олардың арасында баршаға таныс парацетамол да, құны 34 млн теңгелік арқа бұлшық еттерінің атрофиясы дертіне қолданылатын дәрі де бар. МСҚ Алматы қалалық филиалының баспасөз қызметі белгілі бір сырқаттар негізінде арнайы есепке алынған қала тұрғындарына МӘМС жүйесі мен кепілдендірілген көмек пакеттері шеңберінде беріліп жатқан дәрі-дәрмектер жайлы жан-жақты баяндап берді.

Спинраза (34 млн теңге) – арқа бұлшық еттерінің атрофиясын емдеуде қолданылатын әлемдегі ең алғашқы дәрі. Спинраза аурудың ары қарай күшеюіне жол бермей, жұлындағы нейрондардың өлуін тоқтатады.

Транспларна (12 млн теңге) дәрісі арқа бұлшық еттерінің семуі (Дюшен) дертінің ары қарай дамып, күшеюін тоқтатып, науқастардың қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Гемлибра (3,3 млн теңге) гемофилияның А типімен ауыратын, яғни қаны тиісінше ұйымайтын науқастарға арналған. Дәрі қан кету қаупінің алдын алады және пациенттердің өмір сапасын жақсартады.

Тагриссо (3,1 млн теңге) өкпе обырына шалдыққан науқастарға тағайындалады. Ол ісіктің ұлғаю қарқынын бәсеңдетіп, пациент өмірін ұзартуға көмектеседі.

Имбрувика (2,5 млн теңге) – обырдың созылмалы лимфоцитарлы лейкоз сынды

тағы да басқа түрлерін және қан өндіретін органдарды зақымдайтын дерттерге қарсы инновациялық өнім. Бұл дәрі онкологияға қарсы күрестің тиімділігін арттырады.

Понатиникс (2,5 млн теңге) обырдың созылмалы миелоидты лейкоз деп аталатын түріне қолданылады. Ол обырдың өсуіне ықпал ететін зиянды молекулаларды бұғаттап, аурудың өршуіне жол бермейді.

Котеллик (2,1 млн теңге) – асқазан обыры мен өзге де ісік түрлерін емдеуге арналған препарат. Ол қатерлі ісік жайлаған жасушалар үстіндегі рецепторларды бұғаттап, аурудың ары қарай таралуына жол бермейді. Котеллик обырдың агрессивті түрлеріне шалдыққан науқастарға үміт сыйлап, өзге де терапиялық ем-доммен қатар қолданғанда оң нәтижеге қол жеткізуге әсер етеді.

Тафинлар (1,7 млн теңге) тері обыры (меланома) мен ісіктің BRAF генінің мутацияға ұшырауынан пайда болған түрлерін емдеуде қолданылады. Ол қатерлі ісік жайлаған жасушалардың таралуын тежеп, меланомаға шалдыққан пациенттердің өмірін ұзартуға мүмкіндік береді. Жалпы, бұл клиникалық зерттеулер барысында тиімділігін дәлелдеген алдыңғы қатарлы дәрілердің бірі және бірегейі.

Стелара (1,2 млн теңге) – ересек науқастардағы Крон дертінің орташа және ауыр түрлерін емдеуге арналған әлемдегі тұңғыш биологиялық препарат. 2024 жылы бұл дәрі МӘМС есебінен барлығы, 205 науқасқа берілген.

Эльпаг (590 мың теңге) тромбоцит көрсеткішін көтеру мақсатында тағайындалады. Бұл препарат иммунды тромбоцитопенияны емдеуде қолданылады. Ол жүрек қан-тамыр жүйесінің жұмысын жақсартып, инсульт, инфарктың алдын алуға көмектеседі.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЖҮРЕК САЛҒЫРТТЫҚТЫ
КӨТЕРМЕЙДІ

Кейбір жүрек ауруларында емдеудің жалғыз тәсілі – ашық операция жасау. Жүрек қызметіне мұндай араласулар ағзаны стреске әкеледі, одан шығу үшін қалпына келтіру кезеңі, яғни белгілі бір уақыт қажет.

Осы уақыт ішінде біртіндеп әдеттегі іс-әрекетке оралу керек дейді мамандар. Қалпына келтіру кезеңінің қарқыны мен ерекшеліктері әр адам үшін әртүрлі.

Операция орнында уақыт өте келе сезімталдықты жоғалту, қышу және ауырсыну сезімдері пайда болуы мүмкін. Бұл жайсыздықтар операциядан кейін бірнеше айға созылады. Операциядан кейінгі кезеңде кейбір науқастарда тәбеті болмайды, ұйқысы қашады. Бұл қалыпты, кең таралған жағдайлар және уақыт өте келе жойылады.

– Операциядан кейін науқасқа

түрлі дәрі-дәрмектер тағайындалады. Олардың кейбіреулері шектеулі уақыт қабылданады (варфарин – клапанды биологиялық протезбен протездегеннен кейін), ал кейбіреулері тұрақты түрде қабылданады (механикалық протездеуден кейін варфарин, коронарлық шунттау операциясынан кейін ацетилсалицил қышқылы препараттары). Дәрі-дәрмектерді қабылдау немесе оны тоқтату туралы нұсқауды тек дәрігер береді, – дейді Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ Кардиология және оңалту бөлімшесінің кардиолог дәрігері Ақбота Қыдыкенова.

Дәрігердің айтуынша, бұл кезеңде физикалық оңалту өте маңызды рөл атқарады. Жеңіл жаттығулардан күрделіге ауыса отырып, физикалық белсенділікті біртіндеп арттыру керек. Таңертең және кешке, жақсы ауа райы кезінде, тегіс жерде, жоғарыға көтерілусіз жүру ұсынылады. Ауыр зат көтермеген абзал. Бірінші айда 2 келіден аспайтын салмақты көтеруге рұқсат етіледі.

Стационардан шыққаннан кейін уәсәкелік дәрігердің қабылдауына жазылу керек. Дәрігерге стационардан шығу эпикризін көрсету қажет. Уәсәкелік дәрігер емдеуді жалғастырады және еңбекке жарамсыздық парағын ұзартады. Егер осы ұсыныстар жауапкершілікпен орындалса, жүрек-қан тамырлары жүйесі ұзақ және дұрыс қызмет ететініне сенімдіміз дейді дәрігерлер.

МАМАН МІНБЕРІ

МАНТУ ДА АУРУДЫҢ
ЖОЛЫН КЕСЕДІ

Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасы жанындағы емханада дәрігер-фтизиатр Қаракөз Өтемұратова, СӨС кабинетінің мейірбикесі Асылажар Жанғазиева және «Баланы дамыту бөлмесінің» мейірбикесі Хәлидам Юсупова «Манту сынама-сы», «БЦЖ вакцинасы» тақырыптарында ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

Дәрігерлер Манту сынама-сына сезіктене қарамауға шақырады. Бұл – диагностикалық сынама. Жаңа туған нәрестелерге БЦЖ вакцинасы келесі жағдайларда жүргізуге тыйым салынады: **бөбектің салмағы екі келіден аз немесе 33 апта толмай туған болса; нәресте жатыршылық инфекциямен туған жағдайда; анасына АИТВ инфекциясы диагнозы қойылса; иммунитет тапшылығы байқалса; орталық жүйке жүйесі зақымдалса.**

Осы ретте профилактикалық (алдын ала) емдеу туралы да айта кетсек. Туберкулезге шалдығу қаупі бар адамдарға (туберкулезбен ауыратын науқастармен қатынаста болған; Манту және Диаскинтест алғаш рет оң реакция берген балалар мен жасөспірімдер) препараттар қолданылады, яғни химиялық профилактика жасалады. Бұл – қауіпті аурумен күресудің ең тиімді әдістерінің бірі. Туберкулезге қарсы препарат сау адамның ағзасына түскен туберкулез микробактерияларының көбеюін тежейді және ауру дамымайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаракөз
ӨТЕМҰРАТОВА,
№7 қалалық
клиникалық
аурухана
жанындағы
емхананың
фтизиатры:



– Манту реакциясы – бұл ағзаның арнайы затты, туберкулинді енгізуге реакциясын бағалау, яғни бұл туберкулезге қарсы иммунитетті және оның ауырлық дәрежесін бағалау әдісі. Манту реакциясы кезінде адамға туберкулезді жұқтыру мүмкін емес, туберкулинде Кох таяқшалары жоқ. Сондай-ақ, БЦЖ вакцинасы туралы да айта кетсек, балаға салынған БЦЖ екпесінен кейінгі жағымсыз реакциялар өте сирек кездеседі (0,02%). Мұндай жағдай, ең алдымен, баланың иммунитеті төмендеген кезде көрініс беруі мүмкін.

Иә, химиопрофилактика – бұл емдеу емес, туберкулездің дамуына қарсы қорғаныс. Алдын алу курсы МСАК медицина қызметкерлерінің бақылауымен 3 айдан 6 айға дейін созылады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-517 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 6 ақпандағы №34.1-34.04/297-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Сералин көшесін Алматы-Қонаев тас жолына дейін узарту үшін, Алматы қаласы, Жетісу ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі
№2/262-517 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Садықов Жомарт Аскарович, Садыкова Лаура Тельмановна	20-314-069-1471	Жетісу ауданы, «Кемел» шағынауданы, Ақсуат көшесі, 31 учаске	жалпы – 1,000 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1011
2	Садықов Жомарт Аскарович, Садыкова Лаура Тельмановна	20-314-069-1472	Жетісу ауданы, «Кемел» шағынауданы, Ақсуат көшесі, 31/1 учаске	жалпы – 1,000 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,1651

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-518 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Рысқұлов көшесін узарту үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала Жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін.
2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін.
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі
№2/262-518 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Ярич Вячеслав Юрьевич	20-321-070-1160	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 440Б учаске	жалпы-0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0207
2	Аргимбаев Нуржан Жумабаевич, Сеитова Индира Закировна , Джумабекова Айгерим Махсатовна	20-321-070-1260	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 563/2 учаске	жалпы-0,2100 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0533
3	Киреев Сергей Викторович	20-321-070-1297	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 562/1 учаске	жалпы-0,1702 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0673
4	Аманғалиев Биболат Абайұлы	20-321-070-1298	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 561/1 учаске	жалпы-0,1701 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0916
5	Түйлебаев Айбек Азатович, Түйлебаева Куралай Биадилловна	20-321-070-1520	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 913	0,0385
6	Поветкин Михаил Алексеевич	20-321-070-1593	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы (Айналмалы көшесі), 901/2 учаске	жалпы-0,0400 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0076
7	Поветкин Михаил Алексеевич	20-321-070-1595	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы (Айналмалы көшесі), 901/1 учаске	жалпы-0,3500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0157
8	Салаев Маликша Алимович, Масимова Раушанбүби Мухидиновна, Масимов Асан Таипович, Дурсунов Аласкар Нуриевич, Дурсунова Сания Пашалиевна, Мамедова Гульшуша Нуриевна, Мазлумов Расим Ахмедович, Мамедов Ислам Авсалоевич, Исо Назим Салимович	20-321-070-160	«Теректі» шағынауданы, Айналмалы көшесі, 597 учаске	жалпы-0,1425 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0084
9	Насирова Гульнар Султангаевна, Насиров Алсурат Махяддин-оглы	20-321-070-1632	«Теректі» шағынауданы, Саумалкөл көшесі, 56 учаске (Айналмалы көшесі, 594/1)	жалпы-0,0613 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0075
10	Токумбаев Умитбай Алпысович	20-321-070-1741	«Теректі» шағынауданы, Сайын Мұратбеков көшесі, 21/1	0,1000

11	Қыдыралиев Алдияр Талғатұлы	20-321-070-1748	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 1410 учаске	жалпы-0,5475 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3188
12	Усманова Кулзада Егембердиевна, Усманов Мұхаматжан Эргашевич	20-321-070-1758	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 1410/6 учаске	0,0600
13	Қыдыралиев Алдияр Талғатұлы	20-321-070-1762	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 1410/21 учаске	0,0086
14	Раузер Ольга Вильгельмовна	20-321-070-1777	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 904/4 учаске	жалпы-0,0832 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0288
15	Алтынбеков Женис Танирбергенович, Думушева Сандугаш Мухаметовна	20-321-070-1779	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 904/6 учаске	жалпы-0,1224 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0684
16	Есен Арсен Қуатұлы	20-321-070-1780	«Теректі» шағынауданы, Казмис орамы, 904/5 учаске	жалпы-0,0844 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0366
17	Пахирдинова Габинур Ибраимжановна	20-321-070-1815	«Теректі» шағынауданы, Сайын Мұратбеков көшесі, 30	жалпы-0,1005 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0253
18	Неталиев Кайржан Тельманович, Амиржанова Манчук	20-321-070-1857	«Теректі» шағынауданы, Сайын Мұратбеков көшесі, 28 учаске	жалпы-0,0681 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0020

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 22 шілдедегі №8 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Жұбанов көшесін узарту үшін, Алматы қаласы, Әуезов және Наурызбай аудандарында, Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала Жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін.
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі
№2/262-519 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Мамиров Абайдулла Абдуллаевич, Мамиров Рахмүтулла Абдуллаевич, Мамиров Максим Абдуллаевич	20-312-044-634	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 27	0,0731
2	Зверева Дарья Владимировна	20-312-047-190	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 64	жалпы-0,1307 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0126
3	Идилов Сраил Ахметович, Идилова Гулямхан Ахметовна, Идилов Мұхитдин Ахметович	20-312-047-270	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 44	0,0982
4	Елахунов Пархат Махаметжанович	20-312-047-290	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 66	жалпы-0,0779 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0241
5	Солгоуб Андрей Алексеевич	20-312-047-322	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 62	жалпы-0,0650 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0094
6	Бакиева Чиманьгуль Акмуловна	20-312-047-339	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 53	0,0536
7	Худайкулов Рустам Зикирияевич, Османова Наргиза Майдиновна	20-312-047-376	«Достық» шағынауданы, Тургенская көшесі, 78	0,0976
8	Банатович Сергей Васильевич, Финк Юрий Юрьевич	20-312-047-423	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 43	0,0683
9	Паттаров Бақрам Усупович	20-312-047-431	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 42	жалпы-0,0650 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0051
10	Кузембаев Канат Аскарович	20-312-047-474	«Достық» шағынауданы, Ф.Шарипов көшесі, 34	жалпы-0,0708 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0092
11	Жаксылыкова Карлығач Рысалиевна	20-322-005-004	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 17	жалпы-0,0803 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0114
12	Калиева Дариха Сарсенбаевна, Аманбаев Марат Парахатович	20-322-005-024	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 32	0,0798
13	Бабашев Ернур Абдразакович	20-322-005-026	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 31	0,0809
14	Прокопьева Нина Артемьевна	20-322-005-053	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 34	жалпы-0,0780 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0069
15	Тоқыбетов Альриман Байзакович	20-322-005-060	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 38	0,0814
16	Маметраимова Зайнап	20-322-005-1042	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 14	0,0839
17	Ангарбаева Ажаркан Кажиякберовна	20-322-005-1045	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 25	0,0976
18	Аженова (Хамраева) Гузель Камилевна	20-322-005-1050	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 25	0,0836
19	Абдикеримова Айнур Зейнетқызы	20-322-005-1083	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 40	0,0600
20	Абдикеримова Айнур Зейнетқызы	20-322-005-1084	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 40А	0,0547
21	Карсыбаева Рабига Смагуловна	20-322-005-1085	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 41	жалпы-0,0914 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0139
22	Ильясов Сапаргали Шамсиевич	20-322-005-110	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қабылбаев көшесі, 32	0,0842
23	Сенлибаев Ермек Жуманбаевич	20-322-005-1122	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 45	0,0515
24	Кондрахин Евгений Александрович, Сармангалиева Дина Муратовна	20-322-005-1130	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 68/1	0,0300
25	Ибраев Ярмухамет Турсынович	20-322-005-1174	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 15/1 учаске	0,0200
26	Калмырзаева Орынкуль Абильдаевна	20-322-005-1175	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нұрпейісов көшесі, 43	0,0444



27	Калмырзаева Орынкуль Абильдаевна	20-322-005-1176	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 43/1	0,0390
28	Ильясов Мухтар Максүтович	20-322-005-123	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қабылбаев көшесі, 35	0,0818
29	Шевченко Сергей Александрович	20-322-005-128	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 38	0,0801
30	Турсынбаев Бекбол Мелсович	20-322-005-147	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 42	0,0823
31	Даубасов Сабит Шинжрханович, Белхожаева Динара Жомартовна	20-322-005-150	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 29	жалпы-0,0898 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0166
32	Гаршенин Сергей Павлович, Гаршенина Татьяна Владимировна	20-322-005-159	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 41	0,0865
33	Кожамжарова Гульжан Мухаметкалиевна	20-322-005-176	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 42	0,0968
34	Нусипжанов Баглан Естеуович	20-322-005-183	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 40	0,0811
35	Сермаханов Марат Куанышбекович	20-322-005-211	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 39	0,0880
36	Садырбаев Оралбек Жылкайдарович	20-322-005-232	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қабылбаев көшесі, 39	0,0824
37	Нурпеисов Елубай Байдильдинович	20-322-005-244	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 30	0,0873
38	Амренов Дауренбек Курманбекович	20-322-005-256	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қабылбаев көшесі, 34	0,0887
39	Онгарбаев Жомарт Тынысович	20-322-005-260	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 34	жалпы-0,0758 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0066
40	Гуламов Бахитжан Масимжанович	20-322-005-278	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қазыбеков көшесі, 31А	0,0938
41	Лекерев Бота Серикович	20-322-005-322	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 39	0,0826
42	Саткимбаев Константин Кантылдаевич	20-322-005-329	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 37	0,0899
43	Утебаев Нарғали Болатович	20-322-005-344	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 36	0,0810
44	Калыпбекова Кульжамал Тауғанбаевна	20-322-005-345	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 40	0,0816
45	Батырбеков Онласбек	20-322-005-354	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 23	0,0920
46	Батыршаев Куаныш Бозтаевич	20-322-005-371	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 41	0,0836
47	Пундык Сергей Васильевич	20-322-005-373 20-312-948-053	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 25	жалпы-0,1927 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0304
48	Сулеев Жандос Дүйсенович, Сулеева Корлан Дүйсеновна	20-322-005-384	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 45	0,0870
49	Андабаева Айман Дүйсембековна	20-322-005-389	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 37Б	0,0993
50	Чаусов Сергей Борисович	20-322-005-390	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 43	0,1000
51	Мукушева Маншук Абдрасиловна	20-322-005-394	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 14А	0,0398
52	Беков Базархан Кабдешбекович	20-322-005-397	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 12	0,0994
53	Сейтмамбетова Гульжамал Дайрабаевна	20-322-005-398	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 37А	0,0910
54	Джакубақынов Сарсен Бектурсынович	20-322-005-413	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 59	0,0801
55	Абишева Карлга Наурызбаевна	20-322-005-415	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 50	жалпы-0,0957 үлесі-0,0239
56	Карамендина Салтанат Айткалиевна	20-322-005-415	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 50	жалпы-0,0957 үлесі-0,0718
57	Капаева Алия Науановна	20-322-005-418	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 41	жалпы-0,1621 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0571
58	Мырзатаева Лаззат Прназаровна	20-322-005-420 20-312-950-025	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 140 учаске	0,0961
59	Садыгулова Карлығаш Балтабаевна	20-322-005-422	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 52	0,1007
60	Юсупова Оралай Кожановна	20-322-005-436	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 63	0,0780
61	Феоктистова Людмила Михайловна	20-322-005-441	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 66	0,0800
62	Рахманова Сайда Анваровна, Рахманов Сейтжан	20-322-005-443	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 57	жалпы-0,0837 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0028
63	Ушкемпирова Бакытгул Молдахметовна	20-322-005-449	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 64	0,0831
64	Джакубақынов Сарсен Бектурсынович	20-322-005-451	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 68	0,0800
65	Аұтова Раисям Тельмановна	20-322-005-452	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 68А	0,0800
66	Абдимова Бибиткуль Аксанаевна	20-322-005-464	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 61	жалпы-0,0739 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0055
67	Канчебаев Булат Нусұлбекович	20-322-005-467	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 59	0,0889
68	Мамутов Хашимжан Абдулаевич	20-322-005-472	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 61	0,0773
69	Абубакиров Мухит Буденович	20-322-005-478	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 48	0,0851
70	Ниязов Ильзат Азимжанович, Ниязова Адия Хакимжановна	20-322-005-490	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 61	жалпы-0,0852 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0046
71	Бактиярова Райхан Калдахметовна	20-322-005-516	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 18	жалпы-0,0896 үлесі-0,0598
72	Кудеримов Асқол Дулатович, Кудеримов Даулет Дулатович	20-322-005-516	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 18	жалпы-0,0896 үлесі-0,0298
73	Кадирова Гульмира Шаяхметовна	20-322-005-523	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 55	0,0795

74	Зунаев Таиржан Зунаевич	20-322-005-538 20-312-950-229	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 55	0,0810
75	Унербаев Даулет Усербаевич	20-322-005-564	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 58	0,0792
76	Нұрахунов Салимжан Наманжанович	20-322-005-565	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 17А	0,0867
77	Самаков Данияр Талғатович, Нұралы Айгерім Қуанышбекқызы	20-322-005-571	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 43/1	0,0839
78	Амирдинов Шарип Марупович	20-322-005-574	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 24	0,0800
79	Танабаева Инкар Усенғалиевна	20-322-005-576	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 56	жалпы-0,0770 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0116
80	Айтжанова Гүлбайра Есильбаевна, Таукебаев Жаксыбек Еркимбекович	20-322-005-589	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 54	0,0874
81	Кулманова Карлығаш Нұрмухановна	20-322-005-590	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 62	0,0780
82	Курбанова Гүлнам Махсумовна, Таиров Азат Бакасович	20-322-005-592	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 57	0,0897
83	Рахимбердиев Мурат Спатаевич, Рахимбердиева БотакозМухамбедиевна	20-322-005-593	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 56А	0,0770
84	Абильдаев Сағындық Булкенбаевич	20-322-005-631	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 60	0,0775
85	Адышева Бакытжан Кокенаевна	20-322-005-639	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 44	жалпы-0,0791 үлесі-0,0523
86	Адышев Бейбит Омарбекович, Бейсенкулов Дархан Аязбич, Аязби Нурила Дарханқызы, Аязби Амина Дарханқызы, Аязби Айханым Дарханқызы	20-322-005-639	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 44	жалпы-0,0791 үлесі-0,0268
87	Чембулатова Дельберт	20-322-005-655	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 37	жалпы-0,0870 үлесі-0,0505
88	Исюпова Мадина Омаржановна	20-322-005-655	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 37, 1 корпус	жалпы-0,0870 үлесі-0,0365
89	Хамраев Азимжан Бахаутдинович, Хамраев Асан Бахаутдинович	20-322-005-661	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 21	0,0912
90	Абдрахман Ақерке Саматқызы	20-322-005-686	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 26	0,0807
91	Контарбаева Мадина Нурлановна	20-322-005-698	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 16	0,0805
92	Шатанова Эльвира Сейсенгазыевна	20-322-005-728	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 56Б	0,0616
93	Кабирова Саниям Асимжановна	20-322-005-743	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 39, 1 корпус	жалпы-0,0896 үлесі-0,0448
94	Рахманова Разгуль Турсуновна	20-322-005-743	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әйтей батыр көшесі, 39	жалпы-0,0896 үлесі-0,0448
95	Кутпанбаева Жанар Самалбековна	20-322-005-750	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тыныбаев көшесі, 38	0,0850
96	Джумадильдаева Роза Серкуловна	20-322-005-756	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 45	0,0850
97	Го Виктор Вениаминович, Го Сагдиана Викторовна, Конуркулжаева Лейла Зарафиевна	20-322-005-762 20-312-948-394	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 33	жалпы-0,0984 үлесі-0,0590
98	Го Диас Викторович	20-322-005-762 20-312-948-394	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 33	жалпы-0,0984 үлесі-0,0394
99	Бараева Рахиям Ахметовна	20-322-005-768	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 34	жалпы-0,0944 үлесі-0,0494
100	Садикова Шамшинур Батуровна, Садикова Эльвира Дилиморатовна	20-322-005-768	«Қалқаман-2» шағынауданы, Лапин көшесі, 34	жалпы-0,0944 үлесі-0,0450
101	Мухаметова Рүфия Равильевна	20-322-005-772	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қабылбаев көшесі, 37	0,0868
102	Жакупжанова Кулиза Ибрагимовна	20-322-005-790	«Қалқаман-2» шағынауданы, Ақтамберді жырау көшесі, 16	0,0996
103	Сүлейменов Адил Айтбаевич	20-322-005-794	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 59	0,0779
104	Григорьев Анатолий Григорьевич	20-322-005-835 20-312-948-253	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 31	жалпы-0,1479 үлесі-0,1033
105	Григорьев Николай Григорьевич	20-322-005-835	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 31	жалпы-0,1479 үлесі-0,0446
106	Нурбеков Айдос Берикович	20-322-005-858	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 33	0,0648
107	Азизов Ялкун Жамахунович, Хаджиева Мадина Османжановна	20-322-005-864 20-312-950-192	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 57	0,0807
108	Ушуров Ибрайымжан Қасымович, Ушурова Бибинур Султановна	20-322-005-888 20-312-950-067	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 52	0,1384
109	Дүйсенова Несібелі Бекзатқызы, Бейсенбеков Жанабай Жумаханович	20-322-005-892	«Қалқаман-2» шағынауданы, Найманбаев көшесі, 46	0,0807
110	Нисканин Александр Владимирович	20-322-005-905	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 72	0,0991
111	Низахунов Марат Рахматуллаевич	20-322-005-906	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 42А	0,0852
112	Рахматуллина Диләра Яшаровна, Кунтасов Бауржан Ибайдуллаевич	20-322-005-910	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қосынов көшесі, 48	жалпы-0,0866 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0273
113	Измахунов Ахметжан Акимович	20-322-005-915	«Қалқаман-2» шағынауданы, Тайторы батыр көшесі, 25	0,0862
114	Шрейдер Маргарита Ивановна	20-322-005-928	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 39	0,1400
115	Абдрахманова Гозалхан Ахмеджановна, Абдрахманов Мирзахмет Сайдалиевич	20-322-005-930	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрмұхамедов көшесі, 20	жалпы-0,0785 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0027
116	Токтагулов Асқар Майлибаевич	20-322-005-962	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Әшімов көшесі, 37	0,0592
117	Бисекешева Дариана Мухамбетовна, Мұхамбетұлы Мирас,	20-322-005-987	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 101	жалпы-0,1878 үлесі-0,1280
118	Бисекешева Зариана Мухамбетовна	20-322-005-987	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нүрпейісов көшесі, 101	жалпы-0,1878 үлесі-0,0597

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-520 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 14 маусымдағы №2/225-825:
қосымшадағы:
реттік нөмірі 5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

5.	Усенова Улболсын Нуралимовна, Молдамырзаева Манара Сейилкызы	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35А, 5 пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0349
----	--	----------------	--------------------------------	---------------------------

»;
реттік нөмірі 7 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

7.	Бабажанова Роза Алимхановна	20-311-027-487	Тілендиев көшесі, 35А, 7 пәтер	жалпы 0,2146 үлесі 0,0458
----	-----------------------------	----------------	--------------------------------	---------------------------

»;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ**

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-521 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 31 қазандағы
№ 4/530-2225 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 31 қазандағы №4/530-2225 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізілсін:
қосымшадағы:
реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1.	Абдумауленова Жаннат Нуртиллаевна	20-315-061-136	Халиуллин көшесі, 194/10	жалпы-0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0187
----	-----------------------------------	----------------	--------------------------	---

»;
реттік нөмірі 11 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

11.	Халиков Рафаэль Ульфатович, Халикова Алена Михайловна;	20-315-062-171	Құлжа трактісі, 58/1	жалпы-3,5000 иеліктен шығарылатын ауданы-1,0155
-----	--	----------------	----------------------	---

»;
реттік нөмірі 32 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

32.	Байдибекова Улжалган Даукеновна	20-317-104-484	«Қайрат» шағынауданы, 22 көшесі, 52 учаскесі	0, 0600
-----	---------------------------------	----------------	--	---------

»;
реттік нөмірі 45 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

45.	Дуйсенова Гульнар Мухамедияровна	20-317-105-215	«Қайрат» шағынауданы, 16 көшесі, 44 учаскесі	0,0800
-----	----------------------------------	----------------	--	--------

»;
реттік нөмірі 46 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

46.	Дуйсенова Гульнар Мухамедияровна	20-317-105-219	«Қайрат» шағынауданы, 16 көшесі, 50 учаскесі	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0373
-----	----------------------------------	----------------	--	---

»;
реттік нөмірі 50 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

50.	Дуйсенова Гульнар Мухамедияровна	20-317-105-241	«Қайрат» шағынауданы, 15 көшесі, 43 учаскесі	0,0800
-----	----------------------------------	----------------	--	--------

»;
реттік нөмірі 51 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

51.	Дуйсенова Гульнар Мухамедияровна	20-317-105-244	«Қайрат» шағынауданы, 16 көшесі, 46 учаскесі	0,0800
-----	----------------------------------	----------------	--	--------

»;
реттік нөмірі 58 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

58.	«Ренстрой» құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-105-321	«Қайрат» шағынауданы, 137/1 учаскесі	жалпы-30,0000 иеліктен шығарылатын ауданы-1,7031
-----	---	----------------	--------------------------------------	--

»;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Е.ДОСАЕВ**



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 20 наурыздағы №204 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 31 наурызда №208466 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 20 наурыз№204

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:
1. Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 2 035 307 564 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 837 018 303 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 8 433 070 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 816 667 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 168 039 524 мың теңге;
2) шығындар – 2 308 561 255,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 55 733 350 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 72 488 567 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 72 680 067 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 401 475 608,2 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 401 475 608,2 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 31 575 638 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 17 947 744 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 59 710 976 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 611 433 735 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 69 939 498 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 78 224 364 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 587 083 354 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 90 059 760 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 19 914 644 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 34 594 592 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 7 908 162 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 389 916 765 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 188 309 384 мың теңге сомасында бекітілсін.»;
көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының
2025 жылғы 20 наурыздағы
№204 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы №83 шешіміне 1-қосымша

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТІ

Санаты		Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы	Специфика		
1		2		3	
				I. Кірістер	2 035 307 564,0
1				Салықтық түсімдер	1 837 018 303,0
	01			Табыс салығы	1 319 924 587,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	651 052 541,0
		2		Жеке табыс салығы	668 872 046,0
	03			Әлеуметтік салық	358 038 585,0
		1		Әлеуметтік салық	358 038 585,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	68 147 336,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	40 815 410,0
		3		Жер салығы	3 969 029,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	23 362 897,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	58 699 955,0
		2		Акциздер	22 069 371,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	7 594 315,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	29 036 269,0
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	32 207 840,0
		1		Мемлекеттік баж	32 207 840,0
2				Салықтық емес түсімдер	8 433 070,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 882 953,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	486 801,0
